

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін ұйымдастыру, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 мамырдағы № 717 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін ұйымдастыру, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін ұйымдастыру,
қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері
бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат;

№ 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар):

1) 718-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.";

2) 739 - бапта :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Банкпен банктік шот шартын және (немесе) банк салымы шартын жасасқан кезде банктік шоттар ашылады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Банк клиенттің өз ақшасына кедергісіз иелік жасау құқығына кепілдік бере отырып, банктік шотта тұрған ақшаны пайдалана алады.";

2. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат, 2012 жылғы 1 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 17 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2012 жылғы 7 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне істерді караудың апелляциялық, кассациялық және қадағалау тәртібін жетілдіру, сот төрелігіне сенім деңгейін арттыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 17 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы :

1) 30-баптың 1-4-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1-4. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мамандандырылған қаржылық сот өңірлік қаржы орталығы қатысушысының мүліктік және мүліктік емес сипаттағы даулар бойынша азаматтық істерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, қаржы ұйымдарын және банк

конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарды қайта құрылымдау туралы азаматтық істерді қарайды.";

2) 158-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру және (немесе) одан айыру, қаржы ұйымдарына консервациялау жүргізу жөніндегі дауға салынатын актісінің, сондай-ақ оның жазбаша нұсқамаларының қолданылуын тоқтата тұруға қатысты талап қоюды қамтамасыз етуге шаралар қабылдауға жол берілмейді.";

3) 159-баптың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының дауға салынатын құқықтық актісінің (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруға берген лицензияларының қолданылуын тоқтата тұру және (немесе) одан айыру, қаржы ұйымдарын консервациялауды жүргізу жөніндегі актілерін, сондай-ақ оның жазбаша нұсқамаларын қоспағанда) қолданылуын тоқтата тұру;"

4) 312-4-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қаржы ұйымын қайта құрылымдауды жүргізу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесін мамандандырылған қаржылық сот қаржы ұйымына, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға және атқарушылық іс жүргізетін аумақтық органдарға жібереді.";

5) 312-6-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның өтінішін сот оны іс жүргізуге қабылдаған күнінен бастап бес күн ішінде қарайды."

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат;

№ 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; 2012 жылғы 7 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне істерді қараудың апелляциялық, кассациялық және қадағалау тәртібін жетілдіру, сот төрелігіне сенім деңгейін арттыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 17 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) м а з м ұ н ы н д а :

168-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"168-бап. Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбай валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерін және аударымдарын жүргізу";

мынадай мазмұндағы 168-6 және 168-7-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"168-6-бап. Валюталық бақылау агенттерінің есептілік беру тәртібін және мерзімдерін бұзу";

168-7-бап. Ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ шетел валютасын пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру мақсаттары үшін уәкілетті банктердің есептілікті беру тәртібін және мерзімдерін бұзу";

169-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"169-бап. Клиенттерге банк қызметін көрсетуге байланысты талаптарды бұзу";

171-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"171-бап. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға ақпарат (мәліметтер) беру талаптарын бұзу";

172-2-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"172-2-бап. Қаржы нарығы субъектілерінің өздері қабылдаған және (немесе) шектеулі ықпал ету шараларын қолдану шеңберінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындамау";

175-1 және 175-2-баптардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"175-1-бап. Қаржы ұйымдарының, банк және сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының басшы қызметкерлерін келісудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерін бұзу

175-2-бап. Қаржы ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерінің ашылғаны және олардың қызметінің тоқтатылғаны туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға уақтылы хабарламау, сондай-ақ қаржы ұйымдарының филиалдарын, өкілдіктерін ашу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамау";

179-3 және 180-баптардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"179-3-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциалдық нормативтерді немесе басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді орындамауы

180-бап. Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес талап етілетін валюталық операциялар бойынша есептілікті, ақпаратты және құжаттарды беру тәртібін бұзу";

187-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"187-бап. Ұлттық және шетел валютасын репатриациялау талабын орындамау";

193-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"193-бап. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға есептілікті, ақпаратты, мәліметтерді беру жөніндегі талаптарын бұзу";

201-1-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"201-1-бап. Инвестициялық қорлар туралы Қазақстан Республикасы заңының талаптарын бұзу";

356-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"356-бап. Мемлекеттік инспекцияның және мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдарының лауазымды тұлғаларына олардың қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіру, қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамау";

587-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"587-бап. Заңды тұлғаның өкілдері";

2) 16-баптың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу процесінде адамның не оның өкілінің еркіне қарсы жеке басқа қол сұғылмаушылықты бұзатын іс-әрекеттер жасау тек осы Кодексте тікелей көзделген жағдайларда және тәртіпте ғана мүмкін болады.";

3) 36-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"5. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған заңды тұлға жеке кәсіпкерлік туралы заңға сәйкес оның мәртебесін айқындауға мүмкіндік

беретін құжат беруге міндетті.";

4) 48-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әкімшілік айыппұл (бұдан әрі – айыппұл) – әкімшілік құқық бұзушылық үшін осы Кодекстің ерекше бөлімінің баптарында көзделген жағдайларда және шектерде, әкімшілік жаза қолдану кезінде қолданылып жүрген заңға сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір көлеміне сай келетін мөлшерде ақшалай өндіріп алу.

Осы Кодекстің ерекше бөлімінің баптарында көзделген жағдайларда айыппұл мөлшері:

қоршаған ортаға келтірілген залал сомасының;
салық міндеттемесінің орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған сомасының;
аударылмаған (уақтылы аударылмаған) әлеуметтік аударымдар сомасының;
келтірілген залал сомасының;
алынған табыс сомасының;
заңсыз кәсіпкерлік нәтижесінде алынған акцизделетін тауарлар құны сомасының;
Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес есепке алынбаған не тиісінше есепке алынбаған соманың;

Қазақстан Республикасының қаржылық заңнамасын бұза отырып жасалған (жүргізілген) мәміле (операция) сомасының;

монополистік қызметті жүзеге асыру немесе Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы, табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы немесе қаржы ұйымдарының қызметін реттеу туралы заңнамасын бұзу нәтижесінде алынған табыс (түсім) сомасының;

есепке алынбаған ұлттық және шетел валюталары сомасының пайызымен көрсетіледі.

Егер осы Кодекстің ерекше бөлімінің баптарында көзделген айыппұл мөлшері Қазақстан Республикасының қаржылық заңнамасының нормаларын бұза отырып жүргізілген операция сомасының пайызымен көрсетілсе және мұндай операция шетел валютасында жүргізілсе, айыппұл сомасын теңгемен қайта есептеу әкімшілік жаза қолдану күніне салық заңнамасына сәйкес анықталған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша жүзеге асырылады.";

5) 60-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза осы Кодекстің ережелеріне дәл сәйкестікте осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін Кодекстің ерекше бөлімінің бабында көзделген шекте, қолданылады.";

6) 61-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын болдырмауы, залалды өз еркімен өтеуі немесе келтірілген зиянды жоюы;"

7) 69-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Созылып кеткен әкімшілік құқық бұзушылық кезінде, сондай-ақ қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне қол сұғылатын бюджеттік қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде, заңсыз нормативтік құқықтық актіні басып шығару мен қолдануды және нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу қағидаларын бұзғаны үшін адам әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартуға жатпайды.

Қаржы саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде адам әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткеннен кейін және ол жасалған күннен бастап бес жыл өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылмауға тиіс.";

8) 88-бап мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"7. Жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясының Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген оның мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі – лауазымды тұлғаларға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

9) 158-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

10) 158-1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

11) 158-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"158-2-бап. Зейнетақы жинақтарының құпиясын сақтау міндетін бұзу

1. Зейнетақы жинақтарының құпиясы бар мәліметтер өзіне кәсіби немесе қызметтік іс-әрекетпен байланысты белгілі болған адамның олардың иесінің келісімінсіз сақтау міндетін бұзуы – жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасау – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

12) 168-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"168-бап. Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбай валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерін және а у д а р ы м д а р ы н жү р г і з у

1. Уәкілетті банктердің Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбай валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерін және аударымдарын жүргізуі – ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған іс-әрекет – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы . " ;

13) 168-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"168-2-бап. Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарын бұзу

1. Банктердің, олардың ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі белгілеріне сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалардың, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті, мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты бермеуі, сол сияқты уақтылы бермеуі немесе қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес берілуі талап етілетін мәліметтері жоқ есептілікті, ақпаратты беруі, не дәйексіз есептілікті, мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты беруі –

жеке тұлғаға – елу, лауазымды тұлғаға – жүз, заңды тұлғаға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) – лауазымды тұлғаға – екі жүз, заңды тұлғаға – алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

3. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген пруденциалдық нормативтерді және (немесе) басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (кейінгі күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) бұзуы – заңды тұлғаға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін банктердің бірнеше рет (кейінгі күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) бұзуы – заңды тұлғаға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Банктердің, банк холдингтерінің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының банк заңнамасында тыйым салынған не Қазақстан Республикасының банк заңнамасын бұза отырып, сол сияқты олардың құқық қабілеттілігі шегінен тыс операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыруы – лауазымды тұлғаға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаға – мәміле сомасының оннан бір пайызы, бірақ айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден кем емес және бір мыңнан аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) – лауазымды тұлғаға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаға – мәміле сомасының бір пайызы, бірақ айлық есептік көрсеткіштің төрт жүзден кем емес және екі мыңнан аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың көрсеткіштердің, не пруденциалдық нормативтердің орындалуы туралы

онда бар мәліметтердің және (немесе) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің бұрмалануына әкеп соққан есептілік жасауы – лауазымды тұлғаға – жүз, заңды тұлғаға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) – лауазымды тұлғаға – екі жүз, заңды тұлғаға – алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттермен жасалатын шарттарда дәйекті, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрде есептелген сыйақы мөлшерлемесін көрсету жөніндегі, сондай-ақ қаржылық қызметтер бойынша сыйақының шамалары туралы ақпаратты тарату, оның ішінде оны жариялау кезіндегі міндетін орындамауы – лауазымды тұлғаға – отыз, заңды тұлғаға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Банктің жарияланған күнгі шындыққа сәйкес келмейтін жарнаманы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауы немесе жариялауы – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

14) мынадай мазмұндағы 168-6 және 168-7-баптармен толықтырылсын:

"168-6 -бап. Валюталық бақылау агенттерінің есептілікті беру тәртібін және мерзімдерін бұзуы

1. Валюталық бақылау агенттерінің клиенттердің операциялары бойынша есептілікті уақтылы бермеуі – заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған іс-әрекет – орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Валюталық бақылау агенттерінің клиенттердің операциялары бойынша дәйексіз есептілікті беруі – заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған іс-әрекет – орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Валюталық бақылау агенттерінің клиенттердің операциялары бойынша есептілікті бермеуі –

орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

168-7-бап. Уәкілетті банктердің ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ шетел валютасын пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге

асыру мақсаттары үшін есептілікті беру тәртібін және мерзімдерін бұзуы

1. Уәкілетті банктердің ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ шетел валютасын пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру мақсаттары үшін есептілікті уақтылы бермеуі – заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған іс-әрекеттер – заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Уәкілетті банктердің ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ шетел валютасын пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру мақсаттары үшін дәйексіз есептілікті беруі – заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп с о ғ а д ы .

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған іс-әрекеттер – заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Уәкілетті банктердің ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ шетел валютасын пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру мақсаттары үшін есептілікті бермеуі – заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

15) 169-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"169-бап. Клиенттерге банк қызметін көрсетуге байланысты талаптарды бұзу

1. Уақтылы жүргізілмеген акцепт немесе акцепттен бас тарту, банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқауларды Қазақстан Республикасының ақша төлемі мен аударымы туралы заңында белгіленген мерзімдерді бұза отырып уақтылы орындамауы – заңды тұлғаға ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқау сомасының үш пайызы, бірақ екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың нұсқауда көрсетілгеннен басқа бенефициардың пайдасына, немесе нұсқауда көрсетілгеннен басқа сомаға ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқауды орындауы – заңды тұлғаға ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқау сомасының үш пайызы, бірақ екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұ й ы м д а р д ы ң :

1) жөнелтуші ақша аударымын жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын қ а м т а м а с ы з е т к е н ;

2) егер төлем құжатында қолдан жасау белгілері болмаған;

3) егер жөнелтуші ақша аударымы туралы нұсқауды жасау және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарды және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) шарттың талаптарында белгіленген өзге де талаптарды сақтаған;

4) егер нұсқаудың акцептінен бас тарту Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген жағдайларға қатысты болмаған жағдайдағы ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқауды акцепттеуден негізсіз бас тартуы – заңды тұлғаға ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқау сомасының үш пайызы мөлшерінде, бірақ екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттің банк шотынан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген ақша алу кезектілігін бұзуы – заңды тұлғаға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың:

банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның келесі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға бенефициардың пайдасына ақша аудару туралы акцепттелген нұсқауды бермеуі:

ақша төлемі мен аударымы туралы заңда көзделген жағдайларда ақша аударымын аяқтамауы;

қолма-қол ақша төлеу туралы нұсқауды ұсынған жөнелтушіге қолма-қол ақша бермеуі түрінде ақша төлемдері немесе аударымдары бойынша нұсқауларды орындамауы – заңды тұлғаға ақша төлемі немесе аударымы бойынша нұсқау сомасының бес пайызы, бірақ екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапта көзделген құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылық ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқаудың сомасы он айлық есептік көрсеткішке балама сомадан асқан жағдайларда басталады.

Осы баптың талаптары жауаптылығы осы Кодекстің 88-бабының бесінші бөлігінде, 88-1-бабының үшінші бөлігінде, 216 және 217-баптарында көзделген іс-әрекеттерге қолданылмайды."

16) 171-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"171-бап. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты (мәліметтерді) беру жөніндегі талаптарды бұзу

Банктің, жинақтаушы зейнетақы қоры құрылтайшыларының (акционерлерінің) және олардың үлестес тұлғаларының, жинақтаушы зейнетақы қорының, зейнетақы

активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның, жинақтаушы зейнетақы қоры ірі қатысушысының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымы ірі қатысушысының, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетін жеке немесе заңды тұлғалардың, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымы ірі қатысушысының белгілеріне сәйкес келетін жеке немесе заңды тұлғалардың есептілікті, мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты бермеуі, сол сияқты уақтылы бермеуі немесе олардың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға банк заңнамасына немесе зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамаға сәйкес талап етілетін мәліметтері жоқ есептілікті, ақпаратты беруі, не олардың дәйексіз есептілікті, мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты беруі – жеке тұлғаларға жүз , заңды тұлғаларға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . " ;

7) 172-1, 172-2 және 173-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"172-1-бап. Банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын таратуға байланысты талаптарды бұзу

1. Банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, жинақтаушы зейнетақы қорын тарату комиссиясы төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуды жою туралы жазбаша нұсқамаларды қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген мерзімде орындамауы – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тарату комиссиясы төрағасының не бөлімшесі басшысының тарату комиссиясының қызметіне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі органның тексеру жүргізуінен жалтаруы не оны жүргізуге кедергі жасауы – жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

3. Тарату комиссиясы төрағасының, бөлімшесі басшысының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға бірнеше рет (кейінгі күнтізбелік алты ай ішінде екі және одан көп рет) дәйексіз есептілікті және Қазақстан Республикасының банк, сақтандыру заңнамасында және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген ақпаратты беруі, есептілікті және Қазақстан Республикасының банк, сақтандыру заңнамасында және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген қосымша ақпаратты бермеуі, уақтылы бермеуі – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, жинақтаушы зейнетақы қорын тарату комиссиясының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мүлікті өткізу тәртібін бұзуы – тарату комиссиясы төрағасына не бөлімшесі басшысына елу

айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, жинақтаушы зейнетақы қорын тарату комиссиясының бірнеше рет (кейінгі күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде екі және одан көп рет) кассалық тәртіп бойынша талаптарды бұзуы – тарату комиссиясы төрағасына не бөлімшесі басшысына отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

172-2-бап. Қаржы нарығы субъектілерінің өздері қабылдаған және (немесе) шектеулі ықпал ету шараларын қолдану шеңберінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындамауы

1. Банктердің, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өздеріне қабылдаған және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы өздеріне жүктеген міндеттерін орындамауы – орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, жинақтаушы зейнетақы қорының, бағалы қағаздар нарығы субъектісінің, арнайы қаржы компаниясының, ислам арнайы қаржы компаниясының, инвестициялық қордың өздеріне қабылдаған және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы өздеріне жүктеген міндеттерін орындамауы – орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Банктердің, банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдардың, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өздеріне қабылдаған және (немесе) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы өздеріне жүктеген міндеттерін орындамауы – жеке тұлғаға – елу, лауазымды тұлғаға – жетпіс, заңды тұлғаға – төрт жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді (әрекетсіздікті) әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасау – жеке тұлғаға – жүз, лауазымды тұлғаға – жүз қырық, заңды тұлғаға – тоғыз жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру тобына кіретін заңды тұлғалардың, актуарийдің өзіне қабылдаған және (немесе) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган

шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы өздеріне жүктелген міндеттерін орындамауы – жеке тұлғаға – елу, лауазымды тұлғаларға – жүз, заңды тұлғаларға – екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның, жинақтаушы зейнетақы қорлары ірі қатысушыларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымы ірі қатысушыларының, бағалы қағаздар нарығы субъектісінің өздеріне қабылдаған және (немесе) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы өздеріне жүктелген міндеттерін орындамауы – жеке тұлғаға – елу, лауазымды тұлғаларға – жүз, заңды тұлғаларға – екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

173-бап. Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуы

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қатысушыларының (құрылтайшыларының) және үлестес тұлғаларының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының (сақтандыру холдингінің), сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының (сақтандыру холдингінің) белгілеріне сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалардың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға есептілікті, мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты бермеуі, уақтылы бермеуі не Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес берілуі талап етілетін мәліметтер жоқ есептілікті, ақпаратты беруі не дәйексіз есептілікті, мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты беруі – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Өзара сақтандыру қоғамының уәкілетті органға Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңына сәйкес есептілікті не уәкілетті орган сұратқан өзге де ақпаратты бермеуі, уақтылы бермеуі, не дәйексіз есептілікті беруі – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірлескен қызмет туралы шартты тіркеу үшін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға оны бермеуі не уақтылы бермеуі – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының бас ұйымының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген пруденциалдық нормативтерді және (немесе) басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (кейінгі күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) бұзуы – бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру

брокерінің, сақтандыру агентінің мәмілелер мен операцияларды Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыруы – мәміле сомасының оннан бір пайызы не операциялар бойынша алынған табыс сомасының жүз пайызы, бірақ айлық есептік көрсеткіштің кемінде елу және екі мыңнан аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Өзара сақтандыру қоғамының мәмілелер мен операцияларды Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыруы – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Актуарийдің өз қызметін Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыруы – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Сақтандыру ұйымының сақтанушыларға өзінің тұрақты жұмыс істейтін органының, оқшауланған бөлімшесінің орналасқан жерінің өзгергені немесе атауының өзгергені туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте уақтылы хабарламауы – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын тиісінше құжаттандыру, құжаттарды сақтау, лицензиялардың көшірмелерін орналастыру жөніндегі талаптарды бұзуы, сондай-ақ сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің және сақтандыру агентінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сақтандыру құжаттамасы бланкілерінің есебін жүргізу және сақтау, қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу ережелерін бұзуы – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру брокерінің жарияланған күнгі шындыққа сәйкес келмейтін жарнаманы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауы немесе жариялауы – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есептіліктегі көрсеткіштерінің не пруденциалдық нормативтердің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің сақталуы туралы мәліметтердің бұрмалануына әкеп соққан есептілік жасауы – лауазымды тұлғаға – елу, заңды тұлғаға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Сақтандыру брокерінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілетсіздігінің өзіне белгілі болған фактілері туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға хабарламауы – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

13. Актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру резервтерін қалыптастыру жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын

сақтамауы жөнінде өздері анықтаған фактілері туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға хабарламауы – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

14. Міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ұйымы мәжбүрлеп таратылған кезде сақтанушыларға (сақтандырылған адамдарға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға міндетті немесе төтенше жарналарды төлемеу, уақтылы төлемеу не толық көлемде төлемеу – лауазымды тұлғаға – елу, заңды тұлғаға – екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

15. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржы есептілігін және өзге де мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау міндеттілігі туралы талапты бұзуы – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 8) 1 7 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды тұлғаға – елу, заңды тұлғаға – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"заңды тұлғаға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . " ;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"заңды тұлғаға әрбір жоғалған құжат үшін елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

19) 175-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндетті сақтандыру шартын заңнама талаптарына сәйкес келмейтін талаптармен мынадай сипатта жасауы:

1) сақтандыру сомаларының мөлшерлерін Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарында айқындалғаннан өзге мөлшерде белгілеу;

2) сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерлерін Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері заңдарында айқындалғаннан өзге мөлшерде белгілеу, сол сияқты сақтандыру сыйлықақысын есептеу кезінде коэффициенттерді қате (негізсіз) қ о л д а н у ;

3) сақтандыруға жатпайтын объектілерді міндетті сақтандыру түрлері бойынша с а қ т а н д ы р у ;

лауазымды тұлғаларға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға – мәміле сомасының оннан бір пайызы мөлшерінде не операциялар бойынша алынған табыс сомасының жүз пайызы, не операциялар бойынша алынған сақтандыру сыйлықақылары сомасының жүз пайызы мөлшерінде, бірақ айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден кем емес не екі мыңнан аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

20) 175-1 және 175-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"175-1-бап. Қаржы ұйымдарының, банк және сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының басшы қызметкерлерін келісудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерін бұзу

1. Қаржы ұйымының, банк және сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының басшы қызметкерін келісудің мерзімдерін бұзуы – заңды тұлғаға тоқсан айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалған әрекеттер, заңды тұлғаға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

175-2-бап. Қаржы ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерінің ашылғаны және олардың қызметінің тоқтатылғаны туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға уақтылы хабарламау, сондай-ақ қаржы ұйымдарының филиалдарын, өкілдіктерін ашу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамау

Қаржы ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерінің ашылғаны және олардың қызметінің тоқтатылғаны туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға уақтылы хабарламау, сондай-ақ қаржы ұйымдарының филиалдарын, өкілдіктерін ашу кезінде Қазақстан Республикасының банк заңнамасының, Қазақстан Республикасының сақтандыру мен сақтандыру қызметі және зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасының талаптарын сақтамау – лауазымды тұлғаға – елу, заңды тұлғаға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

21) 179-бап мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын :

"3. Бухгалтерлік есепте оның нәтижелерін тиісті түрде көрсетпей, қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, инвестициялық қорлардың және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының операцияларды жүргізуі – заңды тұлғаға есепке алынбаған соманың жиырма пайызы, бірақ кемінде жүз және айлық есептік көрсеткіштің төрт мыңнан аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, инвестициялық қорлардың және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының қаржылық есептілікті бұрмалауға әкеп соқтырған, бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген талаптарды және бухгалтерлік есеп әдістерін (қағидаттарын) бұзып жүргізуі – заңды тұлғаға – жөнсіз есепке алынбаған

соманың бес пайызына дейінгі, бірақ кемінде жүз айлық есептік көрсеткіш және айлық есептік көрсеткіштің төрт мыңнан аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

22) 179-3 және 180-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"179-3-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциалдық нормативтерді немесе сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді о р ы н д а м а у ы

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың ондағы көрсеткіштерді не пруденциалдық нормативтерді және (немесе) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында айқындалған сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді орындау туралы мәліметтерді бұрмалауға әкеп соқтырған е с е п т і л і к т і ж а с а у ы –

лауазымды тұлғаларға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға – үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген пруденциалдық нормативтерді және (немесе) сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (кейінгі күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) орындамауы – заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

180-бап. Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес талап етілетін валюталық операциялар бойынша есептілікті, ақпаратты және құжаттарды беру т ә р т і б і н б ұ з у

1. Ресімделген тіркеу куәліктері немесе хабарлама туралы куәліктер бойынша немесе валюталық мониторинг бойынша дәйексіз есептілік беруі – жеке, заңды тұлғаларға және Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан астам іс-әрекет ететін резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне ескерту ж а с а у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған іс-әрекеттер – жеке тұлғаларға – бес, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан астам іс-әрекет ететін резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Ресімделген тіркеу куәліктері немесе хабарлама туралы куәліктер бойынша немесе валюталық мониторинг бойынша есептілікті уақтылы бермеу – жеке және

заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан астам іс-әрекет ететін резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне ескерту ж а с а у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған іс-әрекеттер – жеке тұлғаларға – бес, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан астам іс-әрекет ететін резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Ресімделген тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер бойынша немесе валюталық мониторинг бойынша есептілікті бермеу – жеке тұлғаларға – қырық, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жетпіс, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан астам жұмыс істейтін резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне – жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Ұлттық және шетел валютасын репатриациялау мерзімдеріне және шарттарына әсер ететін жағдайлардың туындағанын растайтын ақпаратты және құжаттарды уақтылы бермеу – дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп с о ғ а д ы .

7. Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған іс-әрекеттер – дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Ұлттық және шетел валютасын репатриациялау мерзімдеріне және шарттарына әсер ететін жағдайлардың туындағанын растайтын ақпаратты және құжаттарды бермеу – дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . " ;

23) 182-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік) –";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Аудит жүргізілуі міндетті қаржы ұйымдарына аудит жүргізу нәтижесінде анықталған Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау мен қадағалау туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға хабарламау және аудиттелетін осы ұйымдарды хабардар етпеу – аудиторлық ұйымдарға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның белгіленген мерзімде аудиторлық есепті беру туралы жазбаша нұсқамасын аудиторлық ұйымдардың орындамауы не қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға аудиторлық ұйымдардың аудиторлық есепті бермеуі – аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып не тоқтатпай, аудиторлық ұйымдарға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

25) 187-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"187-бап. Ұлттық және шетел валютасын репатриациялау талаптарын

орындамау

Уәкілетті банктердегі банк шоттарына:

тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспортынан ұлттық және шетел валютасындағы түсімдерді ;

резиденттің тауарлар (жұмыстар, қызметтер) импорты үшін резидент еместің пайдасына аударған, резидент еместің тауарларды жеткізу (жұмыстарды жүзеге асыру, қызметтер көрсету) бойынша міндеттемелерді орындамауына немесе толық орындамауына байланысты қайтарылуға жататын ұлттық және шетел валютасын есептемеу түрінде жасалған ұлттық және шетел валютасын репатриациялау талаптарын орындамау – дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – есептелмеген ұлттық және шетел валютасы сомасының жиырма пайызы, бірақ екі мың айлық көрсеткіштен аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

26) 188-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған іс-әрекеттер –";

27) 191-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"191-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуге арналған құжаттарды беру мерзімін бұзу

Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуге арналған құжаттарды беру мерзімін бірнеше рет (кейінгі күнтізбелік он екі ай ішінде

екі және одан көп рет) бұзуы – эмитентке елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

28) 192-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жарнама берушіге жүз айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

29) 193-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"193-бап. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға есептілікті, ақпаратты, мәліметтерді беру бойынша талаптарын бұзуы

1. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға есептілікті, мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты бермеуі, сол сияқты уақтылы бермеуі немесе Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес берілуі талап етілетін мәліметтер жоқ есептілікті, ақпаратты, не дәйексіз есептілікті, мәліметтерді, не оның ішінде бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне тексеру жүргізу барысында, эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу, эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырудың және (немесе) өтеудің қорытындылары туралы есепті бекіту, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензияны алу үшін өзге де сұратылатын ақпаратты беруі – лауазымды тұлғаға – жүз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға бағалы қағаздармен операциялар туралы көрінеу жалған, қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ мәліметтерді беруі – заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

30) 194-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"194-1-бап. Акцияларды сатып алу тәртібін бұзу

Акцияларды сатып алудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртібін бұзу, оның ішінде акцияларды сатып алу кезіндегі олардың құнын айқындаудың қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен әдістемесі болмаған жағдайда акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларын осы қоғамның сатып алуы – лауазымды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

31) 195-1 баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды тұлғаларға – үш жүз, заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

32) 197-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға

ә к е п

с о ғ а д ы . " ;

33) 197-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"197-1-бап. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының және бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушының олардың қызметіне заңнамада белгіленген талаптарды бұзуы

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының және бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушының олардың қызметіне заңнамада белгіленген талаптарды бірнеше рет (кейінгі он екі күнтізбелік ай ішінде екі және одан көп рет) бұзуы – үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

34) 198-бап алып тасталсын;

35) 200-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы . " ;

36) 201-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды тұлғаларға екі жүз, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

37) 201-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"201-1-бап. Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңының талаптарын бұзуы

1. Акционерлік инвестициялық қордың, инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңының өзінің қызметі, инвестициялық қордың таза активтерінің құрамы мен құнын сипаттайтын көрсеткіштер туралы ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарын, сондай-ақ оны жариялау және тарату тәртібін бұзуы – лауазымды тұлғаларға – екі жүз, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Акционерлік инвестициялық қордың, инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының дәл емес, толық емес немесе жаңылыстыратын ақпаратты таратуы немесе жариялауы – лауазымды тұлғаларға – екі жүз, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

38) 202-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

39) 216-баптың бірінші бөлігінің үшінші, төртінші және бесінші абзацтары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"банк шоттарында клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін клиенттің ақшасы жеткілікті болған кезде салық төлеушілердің өздерінің банк шоттарынан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, республикалық және жергілікті бюджеттерге айыппұлдар мен өсімпұлдар сомасын, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сомасын аударуға (төлеуге)

төлемдік тапсырмаларды бірінші кезекте орындамауы;
банкке немесе бюджет жүйесінің кассалық атқарылуын жүзеге асыратын басқа ұйымға салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын аудару кезінде банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның кінәсінен аудармау (есептемеу), уақтылы аудармау (банк шоттарынан ақшаны есептен шығару бойынша операциялар жасалған күннен немесе қолма-қол ақшаны банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға енгізгеннен кейінгі күннен кеш) не төлем құжатының деректемелерін толтыру кезінде қ а т е л е р ж і б е р у ;

банк шоттарында клиенттің ақшасы клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін жеткілікті болған кезде салық органдарының салық төлеушілерден белгіленген мерзімде енгізілмеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомасын өндіріп алу жөніндегі инкассалық тапсырмаларын (өкімдерді) бірінші кезекте орындамау;"

40) 217-баптың бірінші бөлігінің жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"банк шоттарындағы клиенттің ақшасы клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін жеткілікті болған кезде салық органдарының салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларын алуға инкассалық тапсырмаларын (өкімдерін) бірінші кезекте орындамау түрінде жү з е г е а с ы р м а у ы ; "

41) 356-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"356-бап. Мемлекеттік инспекцияның және мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдарының лауазымды тұлғаларына олардың қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіру, қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамау

1. Мемлекеттік инспекциялар және мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдарының лауазымды тұлғаларына өз құзыретіне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауына қызмет туралы, кірістер туралы, сақтандыру жарналарын есептеу және төлеу туралы қажетті құжаттарды, материалдарды, ақпаратты, атом энергиясын пайдалану туралы статистикалық (алғашқы статистикалық деректерді қоспағанда) және өзге де мәліметтерді беруден бас тарту арқылы, тексеру, уәкілетті органның қаулысы бойынша – ревизия, түгендеу, сараптама және заңнамада көзделген қажетті әрекеттерді жүргізуге жіберуден бас тарту арқылы кедергі келтіру немесе оларды жүзеге асыруға өзге де кедергілер жасау не дәйексіз ақпарат беру – жеке тұлғаларға – үшке дейінгі мөлшерде, лауазымды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, – жеке тұлғаларға – жетіге дейінгі мөлшерде, лауазымды тұлғаларға – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

3. Осы Кодекстің 130, 147-9, 172-1, 172-2, 216, 219, 219-10, 305, 313-баптарында, 317-баптың екінші бөлігінде, 317-1, 362, 381, 474, 486, 522, 528-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдары (лауазымды тұлғалар), мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары өз құзыреті шегінде берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, ұсынуларды, қаулыларды орындамау немесе тиісінше орындамау – жеке тұлғаларға – беске дейінгі мөлшерде, дара кәсіпкерлерге – жиырмаға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы Кодекстің 481-бабының екінші бөлігінде, 482-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның лауазымды тұлғасы салған мөрін (пломбасын) жұлып тастау, - жеке тұлғаларға - беске дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

42) 541-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары, осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 79-1, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6, 80–84, 85 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 85-1 (екінші бөлігінде), 85-2 (екінші бөлігінде), 85-3, 86, 86-1, 87-2, 87-3, 87-4, 87-5, 95 - 110-1, 124 (бірінші бөлігінде), 127, 129, 130, 136 - 136-2, 140 (екінші бөлігінде), 141-1, 143, 143-1, 144-1, 145, 146-1, 147, 147-1 (екінші бөлігінде), 147-10 (екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші бөліктерінде), 147-11, 147-12, 151, 151-1, 153, 154, 154-1, 155, 155-1 (төртінші бөлігінде), 155-2, 156, 157, 157-1, 158, 158-3, 158-4, 158-5, 159, 161 (бірінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 162, 163 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші және тоғызыншы бөліктерінде), 163-2, 163-3, 163-4, 163-6, 165, 167-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 168-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 168-3, 168-4, 168-5, 175 (екінші бөлігінде) (жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, аудиторлар және аудиторлық ұйымдар жасаған құқық бұзушылық бөлігінде), 176 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 177-3, 177-4, 177-5, 179 (бірінші және екінші бөліктерінде), 179-1, 183, 184, 184-1, 185, 187, 188 (екінші бөлігінде), 190, 192, 200, 202, 203, 208-1, 209, 213 (төртінші - алтыншы бөліктерінде), 214, 218-1 (жетінші бөлігінде), 222-226, 228-229, 230-1, 230-2, 231 (екінші бөлігінде), 232, 233, 234-1, 235 (екінші бөлігінде), 237, 237-1, 240-2, 246 (екінші бөлігінде), 275-1, 278 (бірінші бөлігінде), 283 (бірінші, үшінші бөліктерінде), 298 (екінші, үшінші бөліктерінде), 298-1 (екінші бөлігінде), 302 (үшінші бөлігінде), 303 (екінші бөлігінде), 304 (екінші бөлігінде), 305 (екінші бөлігінде), 306 (екінші бөлігінде), 306-1 (үшінші бөлігінде), 306-2, 306-3 (екінші және үшінші бөліктерінде), 308, 309-1 (жетінші, сегізінші бөліктерінде), 309-2 (төртінші бөлігінде), 309-4 (сегізінші, тоғызыншы бөліктерінде), 310-1 (екінші бөлігінде), 311-1 (жетінші бөлігінде), 312-1, 314, 315, 316, 317 (екінші және үшінші бөліктерінде), 317-1, 317-2, 318, 319, 319-1, 320 (бірінші және 1-1-бөліктерінде), 321, 322 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 323 (екінші бөлігінде), 324 (екінші және үшінші бөліктерінде),

324-1, 326, 327 (бірінші бөлігінде), 328, 330, 330-1 (екінші бөлігінде), 332 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 335, 336 (үшінші бөлігінде), 336-1 (үшінші бөлігінде), 336-2 (үшінші бөлігінде), 338 (бірінші бөлігінде), 338-1, 339, 340, 342–344, 346–357, 357-1, 357-2 (екінші бөлігінде), 357-3, 357-4, 357-5, 357-6, 359, 361, 362, 362-1, 363, 365, 366, 367, 368, 368-1, 369 (екінші бөлігінде), 370 (екінші бөлігінде), 371 (екінші бөлігінде), 372 – 376, 380 (екінші бөлігінде), 380-2, 381-1, 386 (үшінші бөлігінде), 388, 389-1, 390 (екінші бөлігінде), 391 (екінші бөлігінде), 391-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 393, 394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 394-1, 396 (төртінші бөлігінде), 400-1, 400-2, 405 (бірінші бөлігінде), 409, 410, 413, 413-1, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424, 425-1, 426–430, 433, 442, 443 (бесінші бөлігінде), 445, 446 (екінші бөлігінде), 446-1, 453 (екінші бөлігінде), 454 (бірінші - үшінші бөліктерінде), 461 (3-1-бөлігінде), 463-3 (бесінші бөлігінде), 464-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 465 (екінші бөлігінде), 466 (екінші бөлігінде), 467, 468 (бірінші және екінші бөліктерінде), 468-1, 468-2, 469, 471 (1-1, 1-2 және екінші бөліктерінде), 473 (үшінші бөлігінде), 474-1, 477 (үшінші бөлігінде), 484, 492 (екінші бөлігінде), 494 (екінші бөлігінде), 494-1 (үшінші және бесінші бөліктерінде), 496 (екінші бөлігінде), 501, 512-1 - 512-5, 513 – 518, 520 – 537-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.";

43) 567-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган осы Кодекстің 173 (екінші және жетінші бөліктерінде) (өзара сақтандыру қоғамдарының өсімдік шаруашылығында жасаған құқық бұзушылықтары бөлігінде), 175 (екінші бөлігінде) (өсімдік шаруашылығы өнімін өндірушілер жасаған құқық бұзушылық бөлігінде) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.";

44) 572-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің органдары осы Кодекстің 166-1, 168, 168-2 (төртінші бөлігінде), 168-6, 168-7, 169, 169-2, 172-2 (бірінші және екінші бөліктерінде), 179 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 180, 182, 188 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 188-1, 218, 357-2 (бірінші бөлігінде) баптарында, сондай-ақ жиналуы олардың құзыретіне кіретін бастапқы статистикалық деректер бөлігінде 381-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.";

45) 573-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 88 (бірінші, 1-1, 1-2, алтыншы және жетінші бөліктерінде), 158-1, 158-2, 167-1 (бірінші бөлігінде), 168-2 (бірінші - үшінші, бесінші - оныншы бөліктерінде), 168-4, 170, 170-1, 171, 172, 172-1, 172-2 (үшінші – алтыншы бөліктерінде), 173 (бірінші, үшінші – бесінші, жетінші - он бесінші бөліктерінде), 174, 175 (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 175-1, 175-2, 179-3, 191, 193, 194, 194-1, 195, 195-1, 196, 196-1, 197, 197-1, 199, 201, 201-1, 218, 357-2 (бірінші бөлігінде)

баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.";

46) 585-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жәбірленушіден осы Кодекстің 594-бабында көзделген тәртіппен куә ретінде жауап алынуы мүмкін. Егер жәбірленуші заңды тұлға болса, оның өкілінен куә ретінде жауап алынуы мүмкін.";

47) 587-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"587-бап. Заңды тұлғаның өкілдері

1. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан немесе жәбірленуші болып табылатын заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды оның өкілдері жүзеге асырады.

2. Заңды тұлғаның атынан іс-қимыл жасайтын заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы заңды тұлғаның заңды өкілі болып табылады. Заңды тұлғаның заңды өкілінің өкілеттігі оның қызметтік жағдайын куәландыратын құжаттармен расталады.

Заңды тұлғаның мүдделерін білдіретін өзге тұлғалар тапсырма бойынша өкілдер болып табылады, олардың өкілеттіктері заңды тұлғаның атқарушы органы заңды тұлға атынан берген және атқарушы органның басшысы қол қоятын сенімхатта айқындалады.

3. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан заңды тұлғаның және жәбірленушінің өкілдері осы Кодексте олар өкілдігін білдіретін тұлғаларға қатысты көзделген құқықтарға ие және жауаптылық атқарады.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан заңды тұлғаның өкілінің қатысуымен қаралады. Осы адамға істің қаралатын орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғаны туралы деректер болған жағдайларда, олардан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспесе ғана іс оның өзі болмаған кезінде қаралуы мүмкін.

5. Жасалуы әкімшілік құқық бұзушылықты жасаудың құралы не нысанасы болған затты тәркілеу немесе өтеулі негізде алып қою не әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістерді (дивидендтерді), ақшаны және бағалы қағаздарды тәркілеу түріндегі әкімшілік жазаға әкеп соқтыратын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік жауапқа тартылатын заңды тұлғаның өкілінің болуы міндетті.

6. Заңды тұлғаның өкілі істі жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды тұлғаның) шақыруы бойынша келуден жалтарған жағдайда көрсетілген адамға судьяның, органның (лауазымды тұлғаның) ұйғарымы негізінде ішкі істер органның (полицияның) алып келуі қолданылуы мүмкін.";

48) 590-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қорғаушыны өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам, оның өкілдері, сондай-ақ өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық

туралы іс жүргізіліп жатқан адамның тапсырмасы бойынша немесе келісуімен басқа да адамдар шақырады. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам қорғау үшін бірнеше қорғаушы шақыруға құқылы.";

49) 601-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сарапшы мен аудармашы, егер: олардың білікті емес екені анықталса; олар әкімшілік жауапқа тартылып жатқан адаммен, жәбірленушімен, олардың өкілдерімен, қорғаушысымен, өкілімен, осы істі жүргізіп жатқан прокурормен, судьямен, алқалы органның мүшесімен немесе лауазымды тұлғамен туыстық қатынастарда болса, не олар бұған дейін осы істі жүргізуге өзге қатысушылар ретінде әрекет етсе, бұл адамдарды осы іске жеке өз басы, тікелей немесе жанама түрде мүдделі деп есептеуге негіздемелер болса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысуға жіберілмейді.";

50) 611-баптың сегізінші бөлігінің жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жәбірленушілерге сараптама олардың жазбаша келісімімен ғана жүргізіледі. Егер осы адамдар кәмелетке толмаса немесе сот оларды әрекетке қабілетсіз деп таныса, сараптама жүргізуге жазбаша келісімді олардың өкілдері береді.";

51) 612-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"612-3-бап. Үлгілерді алу кезінде тұлғаның құқықтарын қорғау

Үлгілерді алу әдістері мен ғылыми-техникалық құралдары адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз болуға тиіс. Қатты ауыру сезінуін тудыратын күрделі медициналық рәсімдерді немесе әдістерді қолдануға үлгілер алынуға тиіс адам жазбаша келісім бергенде, ал егер ол кәмелетке толмаған немесе психикалық аурумен ауыратын болса, оның өкілдерінің келісімімен ғана жол беріледі.";

5 2) 6 1 9 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың жасалуы не қорғау нұсқамасының шығарылуы міндетті болып, оларды сол болған жерінде жасау мүмкін болмаса, хаттама жасау не қорғау нұсқамасын шығару мақсатында жеке тұлғаны, тұлғаның өкілін мына жағдайларда:";

төртінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Тұлғаны әкімшілік жауаптылыққа тарту үшін оны көзделген мерзімдерде жеткізуді жүзеге асыру мүмкін болмағанда, өтініш беруші органның (лауазымды тұлғаның) атына жеткізілмеу себептерін көрсетіп, жазбаша хабарлама жіберіледі.";

53) 625-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кодекстің 618-бабында көзделген жағдайларда өздеріне қатысты әкімшілік іс жүргізіліп жатқан жеке тұлғасы не тұлғаның өкілі, әкімшілік жауапқа тартылушы кәмелетке толмаған адамның заңды өкілі алып келінеді.";

54) 626-баптың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Адамның жеке басын тексеру, оның қолындағы заттарды тексеру жөнінде

хаттама жасалады. Адамның жеке басын тексеру жөніндегі хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға, оның өкіліне тапсырылады. Хаттамада оның жасалған күні мен орны, хаттаманы жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, жеке басы тексерілген адам, заттардың түрі, саны, өзге де ұқсастық белгілері туралы, соның ішінде қарудың типі, маркасы, үлгісі, калибрі, сериясы, нөмірі, белгілері, оқ-дәрілер саны және түрі, арнайы жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар және ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі." ;

55) 627-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру туралы хаттама жасалады. Бұл хаттаманың көшірмесі тексерілген көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді иеленуші адамға не оның өкіліне немесе заңды негізде көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді жүргізетін адамға тапсырылады." ;

56) 627-2-баптың оныншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Тексеру хаттамасының көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға не оның өкіліне тапсырылады." ;

57) 628-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Заттар мен құжаттарды алып қою туралы хаттама жасалып, оның көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға немесе оның өкіліне тапсырылады, не әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады." ;

58) 629-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада куәландырудан өткізу үшін көлік құралын жүргізуден шеттетілген күні, уақыты, орны, негіздері көрсетіледі. Хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға не оның өкіліне тапсырылады." ;

59) 631 - бапта :

төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеру хаттамасында оның жасалған күні мен орны, хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, тиісті заңды тұлға туралы, сондай-ақ оның өкілі не өзге қызметкері туралы мәліметтер, тексерілген аумақтар мен үй-жайлар, тауарлар мен басқа да заттардың түрлері, саны, өзге де ұқсастық белгілері, құжаттардың түрлері мен реквизиттері туралы мәліметтер көрсетіледі." ;

алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеру хаттамасына оны жасаған лауазымды тұлға, өкілі не кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда тиісті заңды тұлға болып табылатын ұйымның өзге қызметкері, сондай-ақ куәгерлер қол қояды. Көрсетілген заңды тұлғаның өкілі немесе өзге қызметкері хаттамаға қол қоядан бас тартқан жағдайда оған тиісті

жазба

жасалады."

60)

632-1-бапта:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заңды тұлғаға тиесілі әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдары не нысанасы болған тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның өкіліне оларға билік етуге (ал қажет болған жағдайларда пайдалануға да) тыйым салынғаны туралы хабарлай отырып, көрсетілген тауарлардың, көлік құралдарының және өзге де мүліктің тізімдемесі болып табылады және егер осы тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті алып қою мүмкін болмаған және (немесе) олардың сақталуын алып қоймай қамтамасыз ету мүмкін болатын жағдайда қолданылады. Тыйым салынған тауарлар, көлік құралдары және өзге де мүлік тыйым салған лауазымды тұлға тағайындаған басқа да адамдардың жауаптылықпен сақтауына берілуі мүмкін."

алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу туралы хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның өкіліне тапсырылады."

61)

633-бапта:

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өзіне қатысты іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары қолданылған адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті тиісті хаттамалар мен материалдардың көшірмелері жеке адамның немесе заңды тұлғаның өкілінің талабы бойынша оған дереу тапсырылады."

алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ұйғарымның көшірмесі жеке адамға немесе заңды тұлғаның өкіліне дереу тапсырылады, ал бұл адамдар болмаған жағдайда оларға ұйғарым шығарылған күннен бастап бір тәулік ішінде жіберіледі."

62) 635-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"635-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама

1. Осы Кодекстің 639-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттаманы оған уәкілетті лауазымды тұлға жасайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада оның жасалған күні мен орны, хаттаманы жасаған адамның лауазымы, аты-жөні; іс қозғалған тұлға туралы мәліметтер (жеке тұлғалар үшін - тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен реквизиттері, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер, жұмыс орны; заңды тұлғалар үшін – атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде

мемлекеттік тіркелу нөмірі және күні, салық төлеушінің тіркеу нөмірі және банк реквизиттері); әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған орны, уақыты мен мәні; осы Кодекстің ерекше бөлімінің көрсетілген құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін бабы; егер олар бар болса, куәлардың және жәбірленушілердің аты-жөні, мекенжайы; өзіне қатысты іс қозғалған жеке тұлғаның не заңды тұлғаның өкілінің түсініктемесі; метрологиялық тексерудің атауы, нөмірі, күні, егер әкімшілік құқық бұзушылықты анықтау және көрсету кезінде пайдаланылса, техникалық құралдың көрсеткіштері; істі шешу үшін қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін растайтын құжаттар қоса беріледі.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезде өздеріне қатысты іс қозғалған жеке адамға немесе заңды тұлғаның өкіліне, сондай-ақ іс жүргізудің басқа да қатысушыларына олардың осы Кодексте көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны жасаған адам және осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам (адамның заңды өкілі) қол қояды. Жәбірленушілер мен куәлар болған кезде, сондай-ақ куәгерлер қатысқан жағдайларда хаттамаға осы адамдар да қол қояды.

5. Тиісті түрде хабарланған әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам болмаған немесе келмеген жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның болмауы немесе келмеуі туралы белгі қоя отырып, оны жасаған адам қол қояды.

6. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөнінде хаттамаға қол қойып қабылдаудан бас тартқан жағдайда, хаттамаға оны толтырған адам тиісті жазба жазады.

7. Өздеріне қатысты іс қозғалған жеке адамға немесе заңды тұлғаның өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен танысуға мүмкіндік берілуге тиіс. Көрсетілген адамдар хаттаманың мазмұны бойынша түсініктеме беруге және ескерту жасауға, сондай-ақ оған қол қоюдан өзінің бас тарту себебін баяндауға құқылы, олар осы хаттамаға қоса тіркеледі. Бұл адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті жазба жасалады.

8. Осы бөлікте көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалғаннан кейін, оның көшірмесі қолхат алынып, өздеріне қатысты іс қозғалған жеке тұлғаға, заңды тұлғаның өкіліне, сондай-ақ жәбірленушіге дереу тапсырылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама осы Кодекстің 634-бабы бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген, сондай-ақ осы баптың 4-1 және 4-2-бөліктерінде көзделген негіздер бойынша өзіне қатысты іс қозғалған адам болмаған кезде жасалған жағдайда, ол өзіне қатысты іс қозғалған адамға хабарлана отырып, тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберіледі.

Ескерту. Жол жүрісінің қауіпсіздігі саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты хаттама жасау кезінде салық төлеушінің тіркеу нөмірі бар болса, ол көрсетіледі. " ;

63) 636-баптың бірінші бөлігінде:

1. тармақшада:

отыз бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі органдарының (158 (бұл бұзушылықтарды аудиторлар, аудиторлық ұйымдар жасаса), 168-3, 168-4, 168-5, 175 (екінші бөлігі) (бұл бұзушылықтарды аудиторлық ұйымдар жасаса), 176 (үшінші бөлігі) 177, 177-1, 177-2, 177-3, 177-4, 177-5, 179 (бірінші және екінші бөліктер), 179-1, 183, 184, 184-1 (үшінші және бесінші бөліктерді қоспағанда), 185-баптар);";

отыз үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (158, 167-1 (екінші және үшінші бөліктері), 168-3, 184-1 (үшінші және жетінші бөліктері), 190, 192, 200, 202, 356-баптар);";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің уәкілетті қызметкерлері (158, 168-3, 168-6, 168-7, 179 (үшінші және төртінші бөліктері), 179-1, 183, 187, 188 (екінші бөлігі), 356, 357-1, 357-5-баптар);";

64) 638-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын, өзіне қатысты іс қозғалған жеке тұлғаның өз басын немесе заңды тұлға туралы мәліметтерді және заңды тұлғаның өкілінің жеке басын қосымша анықтау талап етілген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама көрсетілген деректер анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, ал осы Кодекстің 168, 168-6, 168-7, 169-баптарында, 172-2-баптың бірінші және екінші бөліктерінде, 179-баптың үшінші және төртінші бөліктерінде, 180, 182, 187 және 188-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі материалдарды аумақтық филиалдарға беру кезінде құқық бұзушылық немесе оны жасаған адам табылған кезден бастап он жұмыс күні ішінде жасалады. " ;

65) 639-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ескерту немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда және тұлға (жеке тұлға, орган немесе заңды тұлғаны басқару функциясын жүзеге асыратын адам) құқық бұзушылық жасау фактісін мойындаса және осы баптың 1-1 және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалмайды. Қаржы және сауда саласындағы құқық бұзушылықты қоспағанда, ескерту түріндегі жазаны соған уәкілеттік берілген лауазымды тұлға

әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде ресімдейді. Айыппұл түрінде жаза қолданылған жағдайда қатаң қаржылық есептілік құжаты болып табылатын, белгіленген үлгідегі түбіртек беруді соған уәкілеттік берілген лауазымды тұлға әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде жүзеге асырады.";

66) 642-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның жасалған жері бойынша, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын лауазымды тұлға (уәкілетті мемлекеттік орган) орналасқан жер бойынша қаралады.";

67) 644-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жауапқа тартылып отырған адамның немесе жәбірленушінің, олардың өкілдерінің, қорғаушысының немесе өкілінің туысы болса;"

68) 645-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Кодекстің 644-бабында көзделген мән-жайлар болған кезде өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам, жәбірленуші, жеке және заңды тұлғаның өкілдері, қорғаушысы мен өкілі, прокурор судьядан, алқалы органның мүшесінен, лауазымды тұлғадан бас тартатындығын мәлімдеуге құқылы.";

69) 646-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жауапқа тартылушы адамның, оның өкілінің, куәнің дәлелсіз себептермен келмей қалуына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қайта қарауға әзірлеу кезінде осы Кодекстің 584-бабының төртінші бөлігінде, 586-бабының алтыншы бөлігінде және 594-бабының бесінші бөлігінде көзделген жағдайларда істі қараушы судья, орган (лауазымды тұлға) көрсетілген адамдарды алып келу туралы ұйғарым шығаруға құқылы.";

70) 648-бапта:

бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әкімшілік жауапқа тартылып отырған жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің, сондай-ақ істі қарауға қатысушы өзге де адамдардың келгеніне көз жеткізеді;

3) іс жүргізуге қатысушылардың жеке басын анықтайды және жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілдерінің, қорғаушысының және уәкілетті өкілінің өкілеттіктерін тексереді;"

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Алқалы органның отырысында төрағалық етуші судья немесе лауазымды тұлға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға кірісіп, іс бойынша өздеріне қатысты іс жүргізіліп жатқан жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің түсініктемелерін, іс жүргізуге қатысушы басқа адамдардың айғақтарын, маманның түсіндірмесін және сарапшының қорытындысын тыңдайды, өзге де дәлелдер зерттеледі, ал істі қарауға прокурор қатысқан жағдайда оның қорытындысы тыңдалады.";

71) 652-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қаулының көшірмесі өздеріне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс

бойынша қаулы шығарылған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне, сондай-ақ жәбірленушіге, жеке тұлғаның заңды өкіліне, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаған уәкілетті органға (лауазымды тұлғаға) ол хабарланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырылады және (немесе) жіберіледі. Әкімшілік тыйым салу туралы қаулы шығарылған жағдайда қаулының көшірмесі дереу прокурорға жіберіледі.

72) 658-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шағымға немесе наразылыққа оны беруші қол қояды. Заңды тұлға атынан берілетін шағымға оның өкілі немесе осыған уәкілетті басқа адам қол қояды.";

73) 663-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) іс бойынша өзі қатысты қаулы шығарылған жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің, сондай-ақ шағымды, наразылықты қарауға қатысу үшін шақырылған адамдардың келгеніне көз жеткізеді;"

74) 671-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық жөніндегі ұйғарымның көшірмесі ол шығарылғаннан кейін үш тәулікке дейінгі мерзімде оған қатысты іс бойынша қаулы шығарылған жеке адамға немесе заңды тұлғаның өкіліне, өзі шағым берген жағдайда немесе оның өтініші бойынша жәбірленушіге, наразылық келтірген прокурорға тапсырылады немесе жіберіледі."

75) 700-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жеке адамға немесе заңды тұлғаның өкіліне өздеріне қатысты шығарылған қаулының көшірмесі дереу, сондай-ақ жәбірленушіге өтініші бойынша оның қолхатымен беріледі. Көрсетілген адамдар болмаған жағдайда қаулының көшірмесі ол шығарылғаннан кейін үш күн ішінде жіберіледі, бұл туралы іске тиісті жазу жазылады.

76) 701-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Екінші деңгейдегі банкке және (немесе) банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын ұйымға қайта құрылымдау жүргізу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі бар болғанда, олардың өтініштері бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны судья, қаулыны шығарған орган (лауазымды тұлға) екінші деңгейдегі банкке және (немесе) банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын ұйымға қайта құрылымдау жүргізу туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін кейінге қалдыруы мүмкін."

77) 705-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ұйғарымның көшірмесі әкімшілік жауапқа тартылған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне дереу тапсырылады, ал көрсетілген адамдар болмаған жағдайларда оларға ұйғарым шығарылған күннен бастап үш күндік мерзімде жіберіледі."

78) 708-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Айыппұл салу туралы қаулыны сот, уәкілетті орган жауапқа тартылған адамның жалақысынан немесе өзге де табыстарынан айыппұл сомасын мәжбүрлеу тәртібінде ұстау үшін оның жұмыс істейтін не сыйақы, зейнетақы, стипендия алатын ұйымның әкімшілігіне жібереді. Айыппұл алты айдан аспайтын мерзімде ұсталады. Айыппұлды өндіріп алу кезектілігі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіпте жүргізіледі." ;

79) 709-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"709-бап. Заңды тұлғаға айыппұл салу туралы қаулыны мәжбүрлеп орындау

1. Сот, уәкілетті орган (лауазымды тұлға) айыппұл салу туралы қаулыны заңды тұлғаның банк шотынан оның келісімінсіз, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында, ақша төлемдері мен аударымдары жөніндегі мәселелер және атқарушылық іс жүргізу мен сот орындаушыларының мәртебесі туралы мәселелер жөніндегі заңнамада белгіленген тәртіпте ақша алу үшін мемлекеттік сот орындаушысына жібереді.

Салық қызметінің органдары қарастыратын әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша айыппұл салу туралы қаулыны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіпте салық қызметінің органдары орындайды.

2. Банк немесе өзге кредиттік мекеме айыппұл сомасын белгіленген тәртіпте мемлекеттік бюджетке аударуға міндетті.

3. Заңды тұлғаның шоттарында ақша болмаған жағдайда сот орындаушысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес борышкерге тиесілі басқа мүліктен өндіріп алады." ;

80) 709-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Айыппұл салу туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы мәжбүрлеп орындатуға мемлекеттік сот орындаушысына жіберген кезде оған әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулының көшірмесі және әкімшілік жазаны қолданған органның айыппұл сомасының мемлекет кірісіне түспегені туралы анықтамасы міндетті түрде қоса беріледі." .

4. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., №3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат):

1) мазмұнында:

28-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"28-Тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ, ПАРЛАМЕНТ ЖӘНЕ

МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СУДЬЯЛАРЫНЫҢ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕГІ АДАМДАРДЫҢ, ҚҰҚЫҚ
ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ВЕДОМСТВОЛАРЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІН РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ";

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"257-1-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволары қызметкерлерінің еңбегін реттеу.";

2) 28-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
"28-Тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ, ПАРЛАМЕНТ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СУДЬЯЛАРЫНЫҢ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕГІ АДАМДАРДЫҢ, ҚҰҚЫҚ
ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ВЕДОМСТВОЛАРЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІН РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ";

3) мынадай мазмұндағы 257-1-баппен толықтырылсын:
"257-1-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның
ведомстволары қызметкерлерінің еңбегін реттеу.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволары қызметкерлерінің еңбегі "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде лауазымға тағайындаудың, еңбек шартын тоқтатудың ерекше талаптарын, ерекше еңбек жағдайын және еңбекақы төлеу шарттарын, сондай-ақ артықшылықтар мен шектеулерді белгіленген ерекшеліктермен о с ы Ко д е к с п е н р е т т е л е д і . "

5. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар):

1) мазмұнындағы 5-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
"5-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, оның ведомстволарын және еншілес ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп және қ а р ж ы л ы қ е с е п т і л і к ж ү й е с і";

2) 53-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының он тоғызыншы абзацы алып тасталсын;

3) 62-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, мемлекеттік органның

стратегиялық жоспары жоспарлы кезеңге қаржыландыру көлемі бар бюджеттік бағдарламаларды қамтиды."

4) 5-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, оның ведомстволарын және еншілес ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесі".

6. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат, № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 151, 161-құжаттар; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 27-құжаттар; № 4, 31-құжат; № 5, 32-құжат; 2012 жылғы 1 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 17 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 541 - бапта:

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, оның филиалдары, ведомстволары және өкілдіктері – олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талап арыз берген кезде;"

21) тармақша алып тасталсын;

2) 542-баптың 6) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

3) 581-баптың бірінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін, арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығаруды қамтамасыз ету болып табылатын активтерді және инвестициялық қордың активтерін сақтауға арналған банк шоттарынан, резидент емес заңды тұлғалардың, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жинақтау шоттарынан және (немесе) шетелдік корреспондент банктердің корреспонденттік шоттарынан басқа резиденті еместі қоса алғанда, салық төлеуші заңды тұлғаға, оның құрылымдық бөлімшелеріне, дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаға, шетелдік және азаматтығы жоқ адамға банк шоттарын ашқан кезінде, уәкілетті органды хабарлардың

кепілдік беріліп жеткізілуін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникативтік желі бойынша беру арқылы сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, көрсетілген шоттардың ашылғандығы туралы олардың ашылған күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

Дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғалар туралы ақпарат банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға олардың осы тармақшада және осы баптың 4), 6), 9), 12) тармақшаларында көзделген міндеттерін орындауы мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіпте ұсынылады.

Техникалық проблемалар салдарынан мұндай электрондық байланыс арналары арқылы көрсетілген шоттардың ашылғандығы туралы хабардар ету мүмкін болмаған кезде, хабарлама қағаз тасымалдауышта салық төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органына үш жұмыс күні ішінде жіберіледі;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) берілген кредит (қарыз) бойынша сыйақы есептеуді тоқтата тұру жолымен заңды тұлғаға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаға мұндай сыйақы түріндегі кірістерді тану тоқтатылған кезде, бұл туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысанда мұндай тану тоқтатылған осы Кодекстің 148-бабына сәйкес айқындалатын есептік салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей уәкілетті органды хабардар етуге;"

8), 9) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8) нұсқамасы болған жағдайда тексерілетін заңды тұлғаның, дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның ақшаның болуын және банк шоттары бойынша жүргізілетін операцияларды тексеруге салық қызметі органдарының лауазымды тұлғасын жіберуге;

9) осы Кодексте көзделген жағдайларда салық органының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемесі арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның банк шоттарындағы (корреспонденттік шоттарын қоспағанда) салық берешегін, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өтеу жөніндегі операциялардан басқа, барлық шығыс операцияларын тоқтата тұруға;

10) заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлға болып табылатын қарыз алушының берілген кредиттер (қарыздар) бойынша міндеттемелерін есептен шығарған кезде қарыз алушыда – салық төлеушіде (соңғысында) міндеттемелерін есептен шығарудан кіріс пайда болғаны туралы оның

орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органын отыз күн ішінде хабардар етуге ; " ;

1 2) т а р м а қ ш а д а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"салық салуға байланысты мәселелер бойынша – дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеу есебінде тұрған тексерілетін жеке тұлғаның;"

;

төртінші, бесінші және алтыншы абзацтар алып тасталсын;

сегізінші және тоғызыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"орналасқан жері бойынша шын мәнінде жоқ екендігі осы Кодекстің 558-бабында белгіленген тәртіпте расталған және салық есептілігін берудің осы Кодексте белгіленген мерзімінен кейін алты ай өткенге дейін, осы Кодексте көзделген жағдайларда осындай мерзімді ұзарту кезеңін қоспағанда, оны бермеген заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық бөлімшесінің, дара кәсіпкер, жеке нотариус , жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіпте әрекетсіз заңды тұлғаның, дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның ; "

7. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 23-құжат; № 12, 88-құжат; № 15-16, 100-құжат; № 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 11-12, 262-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 10, 123-құжат; 2003 ж., № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 33-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 116-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 14-құжат):

1) 4-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы заңдарының негізінде және оларды орындау мақсатында өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағында барлық қаржы ұйымдарының, қаржы қызметін тұтынушылардың, басқа да жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер шығарады.";

2) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі – заңды тұлға

Қазақстан Ұлттық Банкі республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық

нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы бар және өзінің филиалдарымен, өкілдіктерімен, ведомстволарымен және ұйымдарымен бірге біртұтас құрылым құрайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі оған жүктелген функцияларды Қазақстан Ұлттық Банкінің жүзеге асыруын ықпал ететін және (немесе) қаржы нарығы инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын ұйымдарды құруға және қызметіне қатысады, оның ішінде Қазақстан Республикасының атынан акционерлік қоғамдардың құрылтайшысы ретінде іс-әрекет жасайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі өзінің консультативтік-кеңес органдарын құрады, сондай-ақ осы Заңға сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің халықаралық және өзге ұйымдарға қатысуы туралы шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппараты Алматы қаласында орналасқан. Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде өз филиалдары мен өкілдіктерін аша алады.";

3) 7-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5), 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) құзыреті шегінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарының, сондай-ақ өзге де тұлғалардың қызметін реттеу;

6) қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету;

7) ақша-кредит статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласында статистикалық қызметті жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттер.";

4) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің функциялары және өкілеттіктері Қазақстан Ұлттық Банкі:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын әзірлейді және жүргізеді;

2. мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды эмиссиялайды;

3. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының жалғыз эмитенті болып табылады және Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақша айналысын ұйымдастырады;

4. банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауды, сақтауды және инкассациялауды қамтамасыз етуге қатысады, банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың резервтік мемлекеттік қорларын құрады;

5. қаржы ұйымдары мен олардың филиалдарының үй-жайларын орналастыруға қойылатын талаптарды сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

6. банкаралық ақша аударымдары жүйесін, банкаралық клиринг жүйесін және пайдаланушылар арасында Қазақстан теңгесіндегі ақша аударымдарын жүргізуді

қамтамасыз ететін басқа төлем жүйелерін реттейді және қадағалауды (оверсайт) жүзеге асырады ;

7. егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақша төлемдерін және аударымдарын реттеу мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісуі бойынша банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер банк шоттары бойынша жүзеге асыратын төлемдердің кезектілігін белгілеуге құқылы;

8. Қазақстан Республикасында валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асырады ;

9. екінші деңгейдегі банктердің тазартылған құйма алтынмен және күміспен жүргізетін экспорттық операцияларын бақылауды жүзеге асырады;

10. шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді басқаруды қамтамасыз етеді ;

11. бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асырады;

12. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бағалы металдардың және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының сынамаларына (үлгілеріне) бақылау сынақтарын жүзеге асырады;

13. дербес және (немесе) Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттік органдарымен бірлесіп олардың құзыреті шеңберінде жүйелік тәуекелдерді реттеуді жүзеге асырады ;

14. соңғы сатыдағы қарыз беруші болып табылады, Қазақстан Ұлттық Банкінде банк шоттарын ашқан заңды тұлғаларға қарыздар беруге құқылы, оларды қайта қаржыландыру жүйесін ұйымдастырады;

15. қаржы ұйымдарының сыртқы борышын реттеуге қатысады;

16. статистикалық әдіснаманы әзірлейді және қолма-қол ақша айналысы, ақша-кредит және банк статистикасы, төлем балансы, сыртқы борыш, халықаралық инвестициялық позиция, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі бастапқы статистикалық деректердің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен тәртібін айқындайды ;

17. статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес ведомстволық статистикалық бақылауды жүргізеді, сондай-ақ өз құзыреті шегінде мемлекеттік статистика саласындағы бақылауды жүзеге асырады ;

18. қаржы секторына, ақша-кредит және банк статистикасына, төлем балансына, халықаралық инвестициялық позицияға және сыртқы борышқа шолу бойынша статистикалық ақпаратты қалыптастырады және таратады, төлем балансын болжамдық бағалауды әзірлеуге қатысады ;

19. осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын, сондай-ақ өзге тұлғаларды реттеуді, бақылауды және

қадағалауды жүзеге асырады ;

20. қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті лицензиялайды ;

21. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда банк операцияларын жүргізу қағидалары мен тәртібін белгілейді ;

22. Алматы қаласының қаржы орталығының қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады ;

23. халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын есепке ала отырып, Қазақстан Ұлттық Банкіне арналған бухгалтерлік есеп саясаты мен әдістерін айқындайды ;

24. қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, инвестициялық қорлардың, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарын, сондай-ақ бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларын сақтауын бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады ;

25. Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісіу бойынша оның мемлекеттік борышына қызмет көрсетуге қатысады және Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік борышына қызмет көрсетеді ;

26. Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын тізбеге және тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамын белгілейді және жариялайды ;

27. мемлекеттік емес сыртқы қарыздар бойынша шарттардың мониторингін жүзеге асырады ;

28. сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ ішкі валюта нарығында шетел валютасын пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асырады ;

29. банк қызметін, бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де қызметті тиісті лицензиялар алмай - ақ жүзеге асырады ;

30. Қазақстан Ұлттық Банкінің клиенттеріне банктік қызмет көрсетуді жүзеге асырады ;

31. Қазақстан Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалатын және ресми басылымдарда жарияланатын сенімгерлік басқару туралы шарт негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады ;

32. Қазақстан Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе басқа да заңды тұлғалардың арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарттар негізінде активтерді сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады. Қазақстан Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарттар ресми баспа басылымдарында жарияланады ;

33. қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның сұратуы бойынша заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің ақпараттық жүйелерінен мәліметтерді береді;

34. мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдары үшін кадрлар даярлауға және қайта даярлауға қатысады;

35. қаржы және өзге де ұйымдарға олар Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шектеулі ықпал ету шараларын, санкцияларды және өзге де шараларды қолданады;

36. Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын тәртіпте тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады;

37. банктік сәйкестендіру кодтарын береді, жояды және оларды пайдалануды анықтайды, банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтары мен банктердің филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын береді және жояды, олардың құрылымын белгілейді, сондай - ақ Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастырады және жүргізеді;

38. осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды және өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

5) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің резерв капиталы, қайта бағалау шоттары және арнайы провизиялары (резервтері)

Қазақстан Ұлттық Банкінің резерв капиталы жарғылық капиталдан кем емес мөлшерде қалыптастырылып, бөлінбеген таза табысы есебінен толықтырылады және Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген тәртіпте жүргізілген операциялар бойынша жасалған ысырапқа өтемақы төлеуге және шығындардың орнын толтыруға ғана арналады. Алтын-валюта резервтерін қайта бағалау шоты оларды қайта бағалаудан түскен, іске асырылмаған табысты есепке алуға арналады. Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау шоты Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі құрал-жабдықтарын индекстеу нәтижелерін есепке алуға арналған.

Қазақстан Ұлттық Банкінің шығыстары есебінен кредиттерді, депозиттерді, есеп айырысу кезіндегі шығындарды, шоттардағы қалдықтарды және аяқталмаған құрылыс көлемін, Қазақстан Ұлттық Банкінің монетарлық емес қызметі жөніндегі өзге де талаптарды және әлеуметтік сипаттағы төлемдерді қамтитын басқа да активтерді қоса алғанда, күмәнді және үмітсіз талаптар бойынша арнайы провизиялар (резервтер)

қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы . " ;

6) 11-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Алтын-валюта резервтерін қайта бағалау шоттарына жатқызылатын бағамдық қайта бағалау сомасын қоспағанда, сондай-ақ негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау сомасына түзетілген Қазақстан Ұлттық Банкінің таза кірісі Қазақстан Ұлттық Банкінің бөлінбеген таза кірісі болып табылады. Бөлінбеген таза кіріс Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген мөлшерде жарғылық және (немесе) резервтік капиталдарды ұлғайтуға ж ұ м с а л а д ы . " ;

7) 12-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымына департаменттер мен басқа бөлімшелерден тұратын орталық аппарат, филиалдар, өкілдіктер, ведомстволар және ұйымдар кіреді.";

8) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы және оның өкілеттігі Қазақстан Ұлттық Банкінің ең жоғары органы
Б а с қ а р м а б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің құзыретіне жатқызылған нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы:

1. ең төменгі резервтік талаптар туралы қағидаларды;

2. Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамын белгілеу қағидаларын ;

3. Қазақстан Ұлттық Банкінің бағалы қағаздармен операциялар жүргізу қағидаларын ;

4. Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау қағидаларын ;

5. Қазақстан Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын;

6. Қазақстан Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын ;

7. Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларын ;

8. банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды есепке алу, сақтау, тасымалдау және инкассациялау қағидаларын ;

9. ұлттық валютаның айналыстағы ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген

кезде оларды ауыстыру қағидаларын;

10. қолма-қол ақша белгілерін ақша айналысынан алу қағидаларын;

11. кассалық операцияларды және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарында банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды жүргізу қағидаларын;

12. тиісті уәкілетті органдардың келісімі бойынша банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзету және орналастыруды ұйымдастыру жөніндегі орындалуы міндетті қағидаларды;

13. банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияны жүргізуге Қазақстан Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдар жүзеге асыратын банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, орау, сақтау, сондай-ақ оларды банктерге және банктердің тапсырмасы бойынша олардың клиенттеріне беру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды;

14. банктер болып табылмайтын заңды тұлғалардың банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша қызметін лицензиялау және реттеу қағидаларын;

15. Қазақстан Республикасында автомобильмен инкассаторлық тасымалдауларды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты;

16. төлем жүйелерінің жұмыс істеу мәселелері жөніндегі қағидаларды және нұсқаулықтарды, оның ішінде банкаралық ақша аудару жүйесіндегі ақша аудару қағидаларын, клиринг жүйесінде операциялар жүргізу қағидаларын, операторы Қазақстан Ұлттық Банкі не оның еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелері жұмысының қағидаларын;

17. банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлем жүйелеріне қолжетімділігін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық шараларға және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды;

18. Қазақстан Республикасында банкаралық клирингті жүзеге асыру қағидаларын;

19. төлем тапсырмаларын, төлемдік талап-тапсырмаларын, инкассалық өкімдерді, чектерді ресімдеу, пайдалану және орындау, банк шотын тікелей дебетке алуды, аккредитивтермен операциялар жүргізуді, вексельдерді есепке алуды және қайта есепке алуды, жай және аударым вексельдерімен операциялар жүргізуді, төлем карточкаларын шығару және пайдалану тәртібі мен талаптарын және қолма-қол жасалмайтын ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де тәсілдерін, ақшаны пайдаланумен төлемдерді, сондай-ақ банк шотын ашпай қолма-қол жасалмайтын ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асырудың тәртібі мен талаптарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді;

20. банк операцияларын жүзеге асырған кезде электрондық банк қызметін көрсету

қ а ғ и д а л а р ы н ;

21. Қазақстан Республикасында ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асырған кезінде электрондық құжаттармен алмасу қағидаларын;

22. электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы электрондық ақшаның эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды;

23. Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе аумағына әкелінетін вексель қағазының қорғалу дәрежесіне қойылатын талаптар белгілейтін қағидаларды, сондай-ақ вексель қағазына қойылатын техникалық талаптарды;

24. банк шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібін белгілейтін қағидаларды;

25. электрондық терминалдар және қашықтан кіру жүйелері арқылы, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдаланумен жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары жөнінде мәліметтер ұсыну қағидаларын;

26. экономика секторларының және төлемдер мақсатының кодтарын қолдану және оған сәйкес төлемдер жөнінде мәліметтер ұсыну қағидаларын;

27. Қазақстан Ұлттық Банкінің банктерге, оның ішінде соңғы сатыдағы қарыз беруші ретінде, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінде банк шоттарын ашқан заңды тұлғаларға банк қарыздарын беру қағидаларын;

28. Қазақстан Ұлттық Банкі және банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды белгілеу қағидаларын;

29. банктер, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды белгілеу

қ а ғ и д а л а р ы н ;

30. банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары бойынша ақша төлемдері мен аударымдары л и м и т і н і ң м ө л ш е р і н ;

31. клиенттің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзіндінің мазмұнына қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р д ы ;

32. қаржы ұйымдарын жүйе құрушылар қатарына жатқызу тәртібін айқындайтын қ а ғ и д а л а р д ы ;

33. екінші деңгейдегі банктердің құймадағы тазартылған алтынмен және күміспен жүргізілетін экспорттық операциялар жөніндегі есептілікті ұсыну нысандары, мерзімдері және тәртібі туралы нұсқаулықты;

34. осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарының, сондай-ақ өзге тұлғалардың қызметін реттейтін н о р м а т и в т і к қ ұ қ ы қ т ы қ а к т і л е р д і ;

35. Алматы қаласы қаржы орталығының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық а к т і л е р д і ;

36. айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша теңгеге шетел валютасын сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шегін белгілеу қағидаларын;
37. қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қағидаларын ;
38. Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын ;
39. Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісім-шарттардың есептік нөмірлерін алу қағидаларын ;
40. Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюталық операцияларының мониторингін жүзеге асыру қағидаларын;
41. барлық қаржы ұйымдары, арнайы қаржы компаниялары, исламдық арнайы қаржы компаниялары, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы және инвестициялық қорлар орындауға міндетті бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарларын, бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулықты, бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларын ;
42. бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесін реттеу жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен реттелмеген мәселелер бойынша қаржылық есептілік стандарттарын, сондай-ақ оларға әдістемелік ұсынымдарды ;
43. халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетін нысандар не нысандарға қойылатын талаптар, қаржылық есептіліктің тізбесі, оны қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және инвестициялық қорлардың беру мерзімдері мен тәртібі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді ;
44. қаржылық есептіліктің тізбесі, оны акционерлік қоғамдар мен қаржы ұйымдарының жариялау тәртібі мен мерзімдері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді ;
45. Қазақстан Ұлттық Банкінің есеп саясатын, бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарын және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін;
46. салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қолданатын компьютерлік жүйелердің бақылау чегінің нысанын және мазмұнын ;

47. валюталық реттеу, қаржы ұйымдарынан қаржы секторына шолу қалыптастыру, қолма-қол ақша айналысы, ақша төлемі мен аударымы, қаржылық тұрақтылық, қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері жөніндегі әкімшілік деректерді жинау бойынша нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтер беру жөніндегі нұсқаулықты және ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ шетел валютасын пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты;

48. бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару нәтижелері туралы е с е п т і ;

49. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін айырбастау және қайта айырбастау қағидаларын ;

50. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау қағидаларын ;

51. бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтын сатып алу үшін мемлекеттің басым құқығын іске асыру қағидаларын;

52. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерін лауазымға тағайындаудың және еңбек шартын тоқтатудың қағидаларын;

53. Қазақстан Ұлттық Банкінің, оның ұйымдарының және акционерлік қоғамдарының тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларын;

54. ішкі аудит бөлімшесі туралы ережені, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінде ішкі аудитті ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді ;

55. Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік сәйкестендіру кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтары мен банктердің филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы туралы және Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты;

56. осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің өзге де нормативтік құқықтық актілерін бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы:
1) мемлекеттік ақша-кредит саясатын мақұлдайды;

2) қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін белгілейді;

3) ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін белгілейді;

4) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын дайындау және айналысқа шығару, оның ішінде басқа елдердің тапсырыстары бойынша, Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының дизайны немесе нысаны өзгерген кезде оларды ауыстыру туралы шешімдер қабылдайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастаудың тәртібін белгілейді;

5) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тұжырымдама негізінде банкноттар мен монеталардың номиналдық құнын және дизайнын айқындайды;

6) коллекциялық және инвестициялық монеталарды шығару тақырыбын, дайындау тиражын, қоспасын, шығарылатын мерзімі мен күнін айқындайды;

7) айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша теңгеге шетел валютасын сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілейді;

8) уәкілетті ұйымдар үшін жарғылық капиталды қалыптастыру мөлшерін және тәртібін белгілейді;

9) шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді, олардың құрылымын қоса алғанда басқарудың негізгі қағидаттарын айқындайды;

10) монетарлық қызметке жататын қызметті айқындайды;

11. Қазақстан Ұлттық Банкі қызмет көрсететін заңды тұлғалардың санаттарын айқындайды;

12. Қазақстан Ұлттық Банкінің жұмысы туралы жылдық есепті қарайды, қабылдайды және Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынады;

13. Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымын, жалпы штат санын, еңбекақы төлеу жүйесін және Қазақстан Ұлттық Банкі туралы ережені, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды қарайды, мақұлдайды және Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынады;

14. Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджетін (шығыстар сметасын) бекітеді;

15. Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін қарайды және бекітеді;

16. Қазақстан Ұлттық Банкі, оның филиалдары, өкілдіктері, ведомстволары және ұйымдары қызметкерлерінің еңбек жағдайын, оған ақы төлеуді, әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етуді, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды айқындайды, оны бекітеді;

17. өкілеттігіне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару бойынша шұғыл шешімдер қабылдау кіретін, Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарынан төмен емес деңгейдегі лауазымды тұлғаны (өкілетті өкіл) айқындайды;

18. қаржы және өзге де ұйымдар оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша

Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзған жағдайда, оларға шектеулі ықпал ету шараларын, санкцияларды және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де шараларды қолдану т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы ;

19. банктерге соңғы сатыдағы қарыз беруші ретінде, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінде ашылған банк шоттарының иелеріне бір жылдан аспайтын мерзімге өтімділігі жоғары, тәуекелсіз бағалы қағаздармен және басқа активтермен қамтамасыз етілген қарызды ұлттық және сол сияқты шетел валюталарымен беру туралы мәселені қарайды ;

20. Қазақстан Ұлттық Банкіне жүктелген функцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік жасайтын және (немесе) қаржы нарығы инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын ұйымдарды құру және қатысу туралы шешім қабылдайды;

21. аудиторлық тексерудің орта мерзімді жоспарын және ішкі аудит бөлімшесінің жы л д ы қ е с е б і н б е к і т е д і ;

22. осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды және өкілеттіктерді жүзеге асырады." ;

9) 16-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының құрамына Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы және Қазақстан Ұлттық Банкінің бес лауазымды тұлғасы, Қазақстан Республикасының Президентінен бір өкіл және Қазақстан Республикасының Үкіметінен екі өкіл кіреді." ;

10) 19-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, оның орынбасарлары, Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі құрылымдық бөлімшелерінің және ведомстволарының басшылары кіреді. Қазақстан Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің құрамын Қазақстан Ұлттық Банкінің Т ө р а ғ а с ы б е к і т е д і . " ; /

11) 20-бапта тақырыбы және бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары, өкілдіктері, ведомстволары және ұ й ы м д а р ы

Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары, өкілдіктері және ведомстволары өз қызметін Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады." ;

12) мынадай мазмұндағы 4-1-тараумен толықтырылсын:

"4-1-тарау. ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ВЕДОМСТВОЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

20-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметкерлері лауазымдарының құрамы және қызметкерлерінің еңбегін реттеу

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері – Қазақстанның Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында лауазым атқарып жүрген, еңбекақысы Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджетінің (шығыстар сметасының) қаражатынан төленетін мемлекеттік әкімшілік және азаматтық қызметшілер болып табылмайтын адамдар.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері лауазымдарының құрамына:

- 1) саяси мемлекеттік қызметшілердің,
- 2) Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметшілерінің,
- 3) Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының техникалық қызметшілерінің лауазымдары кіреді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері – мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын, Қазақстан Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын адамдар.

Лауазымдық өкілеттіктер – Қазақстан Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарында қызметшілердің Қазақстан Ұлттық Банкінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге жауап беретін нақты мемлекеттік қызметінде көзделген құқықтар мен міндеттер.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері лауазымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының техникалық қызметшілері – азаматтық қызметшілер болып табылмайтын, Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының жұмыс істеуіне қызмет көрсету мен қамтамасыз ету бойынша еңбек міндеттерін орындайтын адамдар.

Техникалық қызметшілер лауазымдарының тізбесін Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметкерлерінің еңбегі осы Заңда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген ерекшеліктермен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі.

Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасы Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының органдары қызметкерлерінің еңбегіне бірыңғай ақы төлеу жүйесі негізінде белгіленеді.

20-2-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерін лауазымдарына тағайындау талаптары

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі лауазымына орналасуға үміткер адамдардың Қазақстан Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында тиісті лауазымды атқаруы үшін қажетті білімі, кәсіби даярлығының деңгейі болуы тиіс.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі лауазымына орналасу азаматтардың міндетті арнайы тексеруден өтуінен кейін жүзеге асырылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі лауазымына:

1) заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;

2) Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі лауазымына тағайындалар алдында үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған;

3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жұмыстан босатылған;

5) Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі лауазымына орналасатын уақытта заңда белгіленген тәртіпте жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар;

б) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау нысанасына арнайы тексеруден өтпеген тұлғаларды тағайындауға болмайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерін лауазымға тағайындау және еңбек шартын тоқтату қағидасын Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы бекітеді.

20-3-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерімен еңбек шартын тоқтату:

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерімен еңбек шартын тоқтату мынадай негіздер бойынша жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген;

2) Қазақстан Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында олардың болу мерзімін жыл сайын ұзарту құқығымен Қазақстан Республикасының заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толуы;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталу нысанасына арнайы тексерудің теріс нәтижелері;

4) кірістері мен мүлкі туралы көрінеу жалған мәліметтерді беруі;

5) осы Заңда және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген міндеттер мен шектеулерді сақтамауы;

б) ашық және аралық инвестициялық пай қорларының тиесілі пайларын, коммерциялық ұйымдардың ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығында сатып алынған облигацияларын және акцияларын сенімгерлік басқаруға бермеуі;

7) Қазақстан Ұлттық Банкіне және оның ведомстволарына кіру кезінде жұмысқа қабылдаудан бас тарту үшін негіз болуы мүмкін көрінеу жалған құжаттар мен мәліметтерді беруі;

8) аттестаттаудың теріс нәтижелері;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер.

20-4-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметшілерінің құқықтары мен міндеттері

1. Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметшілерінің:

1) республиканың азаматтарына Қазақстан Республикасының Конституциясымен және Еңбек кодексімен кепілдік берілетін құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға;

2) өз өкілеттіктері шегінде мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға қатысуға, тиісті органдар мен лауазымды тұлғалардың оларды орындауын т а л а п е т у г е ;

3) белгіленген тәртіппен лауазымдық міндеттерді орындау үшін қажетті ақпарат пен м а т е р и а л д а р а л у ғ а ;

4) лауазымдық міндеттерді атқару үшін белгіленген тәртіппен меншік нысандарына қ а р а м а с т а н , ұ й ы м д а р д а б о л у ғ а ;

5) басшыдан Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметшілерінің атқаратын лауазымына сәйкес лауазымдық өкілеттік міндеттері мен көлемін дәл б е л г і л е у д і т а л а п е т у г е ;

6) жеке басының қадір-қасиетінің құрметтелуіне, басшылар, өзге де лауазымды тұлғалар және азаматтар тарапынан өзіне әділ және құрметпен көзқарас жасалуына;

7) Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) қаражаты есебінен қайта даярлануға (қайта мамандануға) және біліктілігін арттыруға;

8) өздерінің лауазымдық өкілеттіктеріне қатысты материалдармен кедергісіз танысуға, қажет болған жағдайларда жеке түсініктемелер беруге;

9) біліктілігі, қабілеті, өзінің лауазымдық міндеттерін адал орындауы ескеріле отырып, лауазымы бойынша жоғарылауға;

10) қызметшінің пікірінше негізсіз айып тағылған жағдайда қызметтік тексеру жүргізілуін т а л а п е т у г е ;

11) педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметпен айналысуға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері:

1) республиканың Конституциясы мен заңнамасын сақтауға;

2) Қазақстан Ұлттық Банкінің актісінде бекітілген тәртіппен ант беруге;

3) азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, заңнамада белгіленген тәртіп пен мерзімде азаматтардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қ о л д а н у ғ а ;

4) өздеріне берілген құқықтар шегінде және қызметтік міндеттеріне сәйкес өкілеттіктерін жүзеге а с ы р у ғ а ;

5) басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін, жоғары тұрған органдар мен лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктері шегінде шығарған шешімдері мен н ұ с қ а у л а р ы н о р ы н д а у ғ а ;

б) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде алатын, азаматтардың жеке өмірін, ар-намысын және қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді құпия сақтауға және олардан, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай ақпарат беруді талап етпеуге;

7) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге;

8) өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы дереу басшылыққа немесе құқық қорғау органдарына хабарлауға;

9) қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін өзінің кәсіби деңгейін және біліктілігін арттыруға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйелерімен жұмыс істеген кезде (оларға қол жетімділік болған кезде) алған ақпаратты қоса алғанда, өздерінің лауазымдық міндеттерін атқарған кезде кез келген тасымалдауыш түрінде, қабылдау үшін кез келген қол жетімді нысанда алынған қызметтік, коммерциялық, банктік құпияны, сақтандыру, жинақталған зейнетақы қаражаты құпиясын және өзге де ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеуге;

11) Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомствосының қызметшісі лауазымына орналасқан күннен бастап бір ай мерзімде ашық және аралық инвестициялық пай қорларының тиесілі пайларын, коммерциялық ұйымдардың ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сатып алынған облигацияларын және акцияларын сенімгерлік басқаруға беруге және сенімгерлік басқару жөніндегі шарттың нотариат куәландырған көшірмесін Қазақстан Ұлттық Банкінің кадр қызметіне тапсыруға міндетті.

3. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы облигацияларды, коммерциялық ұйымдардың ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы акцияларын сатып алуға құқылы емес.

4. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері өздерінің лауазымдық өкілеттіктеріне байланысты қаржы ұйымдарының қызметіне тексеру жүргізген жағдайда лауазымдық міндеттерін нақты және адал орындауына кедергі келтіретін барлық жағдайлар туралы, оның ішінде:

тексерілетін қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлері болып табылатын жақын туыстары (жекжаттары) туралы;

тексерілетін қаржы ұйымдарында жұмыс істейтін жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайлары туралы;

қаржы ұйымдарынан алған қарыздары және тексерілетін қаржы ұйымдарының алдындағы өзге де мүліктік міндеттемелері туралы жоғары тұрған басшылыққа дереу

20-5-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлерінің жауаптылығы

1. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді және еңбек тәртібін орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жауапты б о л а д ы .

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін, егер онда қызметтік жаза салынатын іс-әрекеттің белгілері болмаса, Қазақстан Ұлттық Банкінің және ведомстволарының қызметшілеріне тәртіптік жазаның мынадай түрлері:

- 1) қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 2) лауазымын төмендету;
- 3) еңбек шартын бұзу қолданылады.

Қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза лауазымын төмендету түрінде тәртіптік жаза қолдану мүмкін болмаған кезде қ о л д а н ы л а д ы .

Лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болған кезде қолданылады.

Еңбек шартын бұзу түріндегі тәртіптік жаза сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамада көзделген негіздер бойынша қолданылады.

3. Т ә р т і п т і к ж а з а н ы :

1) Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының тәртіптік жауаптылыққа тартылатын қызметшісін лауазымына тағайындауға және лауазымынан босатуға құқығы бар лауазымды тұлға қолданады;

2) нақ сол теріс қылық үшін қайтадан қолдануға болмайды;

3) Қазақстан Ұлттық Банкінің актісінде белгіленетін тәртіппен қолданылады.

4. Тәртіптік теріс қылыққа жол берген Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерін оны лауазымына тағайындауға және лауазымынан босатуға құқығы бар лауазымды тұлға белгіленген тәртіппен жауаптылығы туралы мәселе шешілгенге дейін лауазымдық міндеттерін атқарудан уақытша шеттетуі мүмкін.

5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды не сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және жазаны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

6. Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан не қылмыстық істі тоқтатқан жағдайда, бірақ адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық тәртіптік теріс қылық белгілері болған кезде, тәртіптік жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, бірақ теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін.

7. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерінің еңбекке уақытша қабілетсіздігіне, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін жұмыстан босатылуына, демалыста, іссапарда болуына байланысты жұмыста болмаған уақытында бір жылдық және үш айлық тәртіптік жаза қолдану мерзімі еңбек заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрады.

8. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері тәртіптік жауаптылыққа тартуға байланысты барлық материалдармен міндетті түрде таныстырылуға тиіс, оларға қызметтік тексеру рәсіміне жеке өзінің қатысу құқығы беріледі.

9. Жауапқа тартылушы Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері Қазақстан Ұлттық Банкінің іс-әрекеттері мен шешімдеріне сотқа шағым жасай алады.

10. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері қылмыс және өзге де құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша тиісінше қылмыстық, әкімшілік, материалдық жауапты болады.

13) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Өзара іс-қимылдың негізгі қағидаттары Қазақстан Ұлттық Банкі заңдарда берілген өкілеттік шегінде өз қызметін тәуелсіз атқарады. Өкілді және атқарушы билік органдарының Қазақстан Ұлттық Банкінің, оның филиалдарының, өкілдіктерінің, ведомстволарының және ұйымдарының заңда бекітілген өкілеттігін іске асыру жөніндегі қызметіне араласуға құқылы емес.";

14) 22-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі жүйелік қаржы дағдарысының туындауының алдын алу және оның салдарларын барынша азайту мақсатында қаржы тұрақтылығы, келісілген шешімдер кешенін әзірлеу, қабылдау және іске асыру үшін тәуекел факторларын бірлесіп бағалау жолымен қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды.";

15) 32 - бапта :

бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатын жүзеге асыру мақсатында ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін белгілейді.

Қазақстан Ұлттық Банкі ең төменгі резервтік талаптар туралы қағидаларды, банктердің есеп айырысу үшін қабылдайтын міндеттемелерінің құрылымын, ең төменгі резервтік талаптарды орындау шарттарын, резервтеу тәртібін бекітеді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

16) 35-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі банктерге қарыздарды өтімділігі жоғары, тәуелсіз қауіпсіз

бағалы қағаздармен және басқа активтермен қамтамасыз етіп те, қамтамасыз етпей де бір жылдан аспайтын мерзімге береді. Бұл мерзімді Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы ұзартуы мүмкін." ;

17) 36-2-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
"Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары – міндеттемелері бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі жауаптылық алатын және эмиссиялайтын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар." ;

18) 41-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
"Қазақстан Ұлттық Банкі алтын-валюта резервтерінің көлемі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ұдайы хабар жариялап тұрады." ;

19) мынадай мазмұндағы 8-1-тараумен толықтырылсын:
"8-1-тарау. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ
Ж Ә Р Д Е М Д Е С У

51-1-бап. Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру
Қазақстан Ұлттық Банкі өз дербес және (немесе) өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп олардың құзыреті шеңберінде қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлейді және жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкі қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ж ә р д е м д е с у м а қ с а т ы н д а :

1) қаржы жүйесінің тұрақтылығына ықпал ететін макроэкономикалық және макроқаржылық факторларға ұдайы мониторинг жүргізеді;

2) қаржы жүйесін макропруденциалдық реттеуді жүзеге асырады;

3) Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген тәртіпте, талаптарда және мерзімде банктер үшін соңғы сатыдағы заем беруші болып табылады.

51-2-бап. Макропруденциалдық реттеу

Қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдерін реттеуге бағытталған әкімшілік, ұйымдастыру және құқықтық шаралар кешені макропруденциалдық реттеуді білдіреді.

Жүйелік тәуекелдер деп тұтастай алғанда, қаржы жүйесінің тұрақсыздануына әкелетін және оның тұрақты жұмыс істеуіне нұқсан келтіретін қаржы жүйесінің тәуекелдерін білдіреді. Қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдері жүйе құраушы қаржы ұйымдарының тәуекелдерін де қамтиды.

Жүйе құраушы қаржы ұйымдары деп тұтастай алғанда, тұрақты жұмыс істеуінен қаржы жүйесінің тұрақтылығы байланысты болатын қаржы ұйымдарын білдіреді. Қаржы ұйымдарын жүйе құраушыларға жатқызу тәртібін Қазақстан Ұлттық Банкі а й қ ы н д а й д ы .

Қазақстан Ұлттық Банкі макропруденциалдық реттеуді жүзеге асыру мақсатында:

1) тұрақты негізде қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдеріне мониторинг жүргізеді;

2) қаржы ұйымдарын жүйе құраушылар қатарына жатқызу тәртібін айқындайды;

3) қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдерінің деңгейін төмендету және олардың басталуының алдын алу үшін пруденциалдық нормативтерді және жүйе құраушы қаржы ұйымдары үшін сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді белгілеуге қ ұ қ ы л ы ;

4) жүйелік қаржы дағдарысы туындаған немесе туындау қаупі болған жағдайда өз бетінше немесе Үкіметпен бірлесе отырып қаржы ұйымдарының банк операцияларының жекелеген түрлерін және басқа операцияларды жүргізуіне шектеу е н г і з е д і . " ;

2 0) 5 6 - б а п т а

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) Қазақстан Республикасы аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюталық операцияларының тәртібін белгілейді және мониторингін жүзеге асырады (валюталық мониторинг);";

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) мемлекеттік органдармен келісім бойынша олардың құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасындағы резиденттер мен резиденті еместер орындауға міндетті валюталық операциялар бойынша есепке алудың және есептіліктің тәртібі мен нысандарын, сондай-ақ валюталық бақылау агенттерінің есептілік беру тәртібі мен мерзімдерін белгілейді;"

21) 57, 58 және 59-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"57-бап. Шетел валютасындағы активтермен және бағалы металдармен жасалатын операциялар

Қазақстан Ұлттық Банкі шетел валютасындағы активтермен және бағалы металдармен мынадай операцияларды жүзеге асырады: шетел валютасын сатып алады және сатады;

Қазақстан Республикасының Үкіметі, шет мемлекеттердің үкіметтері немесе халықаралық қаржы ұйымдары шығарған және кепілдік берген шетел валютасындағы бағалы қағаздармен операциялар жүргізеді;

өздері тіркелген мемлекеттердің заңнамасы бойынша тиісті құқығы бар банктерде, шетел орталық банктерінде, шетел банктерінде және басқа қаржы институттарында, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарында шот ашады;

өздері тіркелген мемлекеттердің заңнамалары бойынша тиісті құқығы бар шетел орталық банкі, шетел банктері және басқа қаржы институттары, шет елдер үкіметтері мен олардың агенттері, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдары үшін шоттар ашады және жүргізеді, өкіл немесе корреспондент ретінде іс-әрекет жасайды;

тазартылған алтынды, басқа бағалы металдарды, асыл тастарды және одан жасалған бұйымдарды қабылдау мен сақтауды, сондай-ақ мемлекет меншігіне айналдырған кезде оларды бағалауды жүзеге асырады;

ішкі және сыртқы нарықтарда тазартылған алтынды және басқа да бағалы

металдарды сатып алу мен сату жөнінде, оның ішінде мемлекеттің басым құқығын іске асыру шеңберінде тазартылған алтынды сатып алу бойынша операцияларды жүргізеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасына валюталық құндылықтар мен бағалы металдарды әкеледі, сондай-ақ оларды шетел банктеріндегі және мамандандырылған қаржы ұйымдарындағы өз шоттарына орналастыру үшін шет елдерге шығарады; талаптарын Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын бағалы қағаздармен операциялар жүргізеді;

ең төменгі деңгейін Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын кредиттік рейтингі бар қарсы әріптестермен ақша нарығының құралдарымен операцияларды жүзеге асырады;

Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес туынды қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асырады;

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі бойынша басқа операцияларды жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкі валюталық операциялардың кез келген түрлерін шектеусіз жүзеге асырады.

Осы Заңда көзделген мақсатқа қол жеткізу және міндеттерді орындау үшін Қазақстан Ұлттық Банкі активтерді салу тәуекелін ескере отырып және оларды басқарудың негізгі қағидаттарына сәйкес шетел валютасындағы активтер мен бағалы металдардың ұзақ мерзімді болашақта сақталуын, өтімділігі мен кірістілігін қамтамасыз ете отырып, оларды басқару бойынша қызметті жүзеге асырады.

58-бап. Алтын-валюта резервтері

Алтын-валюта резервтері халықаралық капитал нарығында жоғары өтімділікке ие Қазақстан Ұлттық Банкі активтерінен Қазақстан теңгесінің ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында қалыптастырылады және:

тазартылған құйма алтынды және металл шоттардағы алтынды;

Халықаралық валюта қорындағы резервтік позицияны және Халықаралық валюта қорының арнайы қарыз беру құқығындағы активтерді;

қолма-қол ақшаны, шетел банктерінде орналастырылған депозиттерді қоса алғанда, еркін айырбасталатын шетел валютасындағы активтерді және эмитенттері шет елдердің үкіметтері немесе халықаралық қаржы ұйымдары болып табылатын бағалы қағаздарды;

өтімділігі және шектеу талаптарынсыз пайдалану мүмкіндігі бар, еркін айырбасталатын номиналы шетел валютасында көрсетілген басқа да сыртқы активтерді қамтиды.

Қазақстан Ұлттық Банкі алтын-валюта резервтерін ұлттық валютаның тұрақтылығын және айырбасталуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін қажетті деңгейде сақтауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, алтын-валюта резервтерін Қазақстан Республикасының резиденттері мен резиденті еместері кредиттер (қарыздар, несиелер) беру және кепілдіктер немесе басқадай міндеттемелер беру нысанында пайдалануға жол берілмейді.

Қазақстан Ұлттық Банкі алтын-валюта резервтерінің құрылымын ұлғайтуды және өзгертуді:

Қазақстан теңгесі мен шетел валютасына тазартылған алтынды сатып алу;

Қазақстан теңгесіне (естелік және кәдесый монеталарын қоса) және шетел валютасына Қазақстан Республикасының резиденттері мен резиденті еместерден, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметінен еркін айырбасталатын шетел валютасындағы активтерді сатып алу;

шетел валютасымен депозит, салым, дилинг операцияларынан және номиналы шетел валютасында көрсетілген бағалы қағаздармен операциялардан, сондай-ақ оларға шетел валютасында берілген кредиттерден түсетін еркін айырбасталатын шетел валютасындағы комиссиялық және басқа сыйақы түсімдері;

номиналы тазартылған алтында көрсетілген Қазақстан Ұлттық Банкінің бағалы қағаздарымен операциялардан түскен түсімдерді қоса алғанда, Қазақстан Ұлттық Банкінің тазартылған алтынды сатудан, депонирлеуден және онымен басқа операцияларды жүргізуінен түскен еркін айырбасталатын шетел валютасындағы түсімдер;

Қазақстан Ұлттық Банкінің шетел валютасындағы эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруынан түскен еркін айырбасталатын шетел валютасындағы түсімдер;

Қазақстан Ұлттық Банкі халықаралық қаржы ұйымдарынан, шет мемлекеттердің орталық банктерінен және басқа кредиторлардан алған кредиттер;

осы Заңға және Қазақстан Ұлттық Банкі туралы ережеге сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкі көрсететін қызметтерден түскен еркін айырбасталатын шетел валютасындағы түсімдер жолымен жүргізеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі алтын-валюта резервтерінің құрылымын азайтуды және өзгертуді:

айырбастау бағамы саясатын қоса алғанда, ақша-кредит саясатын жүргізу және ішкі валюта нарығында шетел валютасына деген сұраныс пен ұсыныстың арасындағы теңгерімсіздікті деңгейлестіру мақсатында еркін айырбасталатын валютаны сату;

бюджет қаражаты және Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкінің халықаралық міндеттемелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының сыртқы борышын өтеу және қызмет көрсету, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Ұлттық Банкінің міндеттемелерін, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау;

өнім (жұмыс, қызметтер) импортын төлеу, шет елдегі дипломатиялық және өзге де өкілдіктерді ұстау, іссапар және өкілдік шығыстарын төлеу;

басқа шетел валютасын сатып алу үшін еркін айырбасталатын шетел валютасындағы активтерді сату;

Қазақстан Ұлттық Банкінің эмиссиялық бағалы қағаздарын өтеу; Қазақстан Ұлттық Банкі алған кредиттер бойынша негізгі соманы және сыйақыны қайтару, сондай-ақ комиссиялық және олардың басқа ілеспе шығыстарын төлеу;

Қазақстан теңгесіне және шетел валютасына тазартылған алтынды сату; шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді басқару мен сақтауға байланысты шығыстарды төлеу; шығынды алтын-валюта резервтерін есептен шығару жолымен жүргізеді.

Алтын-валюта резервтерін ұлғайту немесе азайту, сондай-ақ алтын-валюта резервтеріне кіретін активтердің нарықтық құнының өзгеруі және Қазақстан Ұлттық Банкіде ашылған еркін айырбасталатын валютадағы банк шоттары иелерінің-резиденттердің операциялары нәтижесінде жүргізіледі.

59-бап. Бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығы

Қазақстан Республикасының өндіріп шығару субъектілерімен бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алу бойынша мәмілелер жасауға басым құқығы бар.

Қазақстан Ұлттық Банкі өндіріп шығару субъектілерінен бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асырушы орган болып табылады.

Өндіріп шығару субъектілері тазартылған алтынды сатқан кезде ол басым түрде Қазақстан Ұлттық Банкіне ұсынылады.

Мемлекеттің басым құқығы көлік шығыстарын, өткізу шығындарын және Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы қабылдаған және осы қауымдастықтың құжаттарында "Лондон сапалы жеткізілімі" ("London good delivery") стандарты ретінде белгіленген халықаралық сапа стандарттарына жауап бермейтін тазартылған алтынды сатып алған жағдайда қолданылатын сапа жеңілдіктерін шегергендегі халықаралық нарықта қалыптасқан бағаны пайдалана отырып есептелген бағалар бойынша тазартылған алтынды сатып алу жолымен іске асырылады.

Бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру тәртібін Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асырудан бас тартқан жағдайда өндіріп шығару субъектілері оны өздерінің қалауынша іске асырады."

22) 11-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"11-тарау. ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ МЕН ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ

ЗАҢНАМАСЫ САЛАСЫНДА БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ

61-бап. Бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру қағидаттары

1. Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомствосы банк қызметі, сақтандыру қызметі, валюталық реттеу және валюталық бақылау, ақша төлемі мен аударымы, зейнетақымен қамсыздандыру, бағалы қағаздар нарығы, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, мемлекеттік статистика, кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру, пошта, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуына бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес және өзінің бақылау функцияларын жүзеге асыру барысында көрсетілген талаптардың бұзылуын анықтаған жағдайда әкімшілік іс қозғайды не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де шараларды қолданады.

2. Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомствосы банк қызметі, сақтандыру қызметі, валюталық реттеу және валюталық бақылау, ақша төлемі мен аударымы, зейнетақымен қамсыздандыру, бағалы қағаздар нарығы, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру, пошта, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды қаржы нарығының субъектілері мен қатысушыларының сақтауына қадағалауды жүзеге асырады, сондай-ақ осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес және өзінің қадағалау функцияларын жүзеге асыру барысында қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне, оның қаржы жүйесінің тұрақтылығына қауіп төндіретін бұзушылықтарды анықтаған жағдайда әкімшілік іс қозғамай, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды қолданады.

3. Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомствосы бақылау мен қадағалауды осы Заңға сәйкес тексеру жүргізу нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органдар, қаржы және өзге де ұйымдар, олардың қауымдастықтары (одақтары), сондай-ақ жеке тұлғалар Қазақстан Ұлттық Банкінің немесе оның ведомствосының сұрау салуы бойынша қаржы құжаттарын қоса алғанда, құжаттарды, есептілікті және қажет болған жағдайда Қазақстан Ұлттық Банкінің бақылау мен қадағалау функцияларын орындауына қажетті өзге де қосымша ақпаратты өтеусіз беруге міндетті.

5. Қазақстан Ұлттық Банкі басқа мемлекеттердің орталық банктерімен әрі бақылау мен қадағалау органдарымен ынтымақтастықта болады және құпиялылық жөніндегі талаптарды ескере отырып, бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алмасуға құқылы.

62-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомствосының

бақылау мен қадағалау жөніндегі өкілеттіктері

1. Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомствосы дербес не басқа мемлекеттік органдарды және (немесе) ұйымдарды тарта отырып, қаржы ұйымдарының, олардың филиалдары мен үлестес тұлғаларының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, бағалы қағаздар эмитенттерінің, кредиттік бюролардың, сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру топтарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, инвестициялық қорлардың, төлем жүйелерін пайдаланушылардың, сондай-ақ валюталық операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардың, уақытша әкімшіліктердің (уақытша басқарушылардың), банктердің тарату комиссияларының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – тексерілетін субъект) қызметіне кешенді түрде не олардың қызметінің жекелеген мәселелері бойынша іріктеп жоспарлы, жоспардан тыс және құжаттамалық тексеру жүргізеді.

2. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомствосының жоспарлы тексеруі жылына бір реттен жиі емес тексерілетін субъектіге бара отырып, тексеру жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомствосының тексеруді жоспарлауы жартыжылдық негізде жүзеге асырылады. Тексеру жүргізудің жартыжылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Тексеру жоспарын Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы не Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының тиісті бұйрығы негізінде өзге де уәкілетті лауазымды тұлғалар бекітеді.

3. Жоспардан тыс тексеру – тексерілетін субъектіге бара отырып мына жағдайларда :

1) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, арыздары, шағымдары және мемлекеттік органдардың заңнамада белгіленген тәртіпте ұсынылған сұрау салуларының келіп түсуіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы және қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы өзге де ақпараттың келіп түсуіне байланысты;

2) Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомствосы бақылау мен қадағалау функцияларын орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының бұзылғанын және қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғанын анықтаған жағдайда;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне, оның қаржы жүйесінің тұрақтылығына қауіп болған кезде;

4) бұрын алдыңғы тексеруде анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жоюға бақылау жасау мақсатында жүзеге асырылатын тексеру.

Жоспардан тыс тексеру бір мезгілде бірнеше субъектінің Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген талаптарын сақтауы мәселелері бойынша қызметін қамтуы

м ү м к і н .

4. Құжаттамалық тексеру – бастапқы статистикалық және әкімшілік деректерді талдау барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу белгілері анықталған кезде не жеке, заңды тұлғалардан және мемлекеттік органдардан өтініштердің, арыздардың, шағымдардың және Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомствосының құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын тексеруді талап ететін өзге де ақпараттың келіп түсуіне байланысты тексерілетін субъектіге бармай-ақ құжаттар мен ақпаратты сұрау салу нысанында жүзеге асырылатын тексеру.

62-2-бап. Жоспарлы, жоспардан тыс тексеруді ұйымдастырудың және жүргізудің жалпы тәртібі

1. Қазақстан Ұлттық Банкі немесе оның ведомствосы жоспарлы, жоспардан тыс тексеруді Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары, Қазақстан Ұлттық Банкі ведомствосының және аумақтық филиалдарының басшылары не тиісті бұйрық негізінде өзге де уәкілетті лауазымды тұлғалар бекіткен тексеру белгілеу туралы акт негізінде жүргізеді.

Жоспарлы немесе жоспардан тыс тексеру белгіленген жағдайда, оны белгілеу туралы акт тексеру белгілеу туралы актілерді тіркеу журналында тіркеледі. Қазақстан Ұлттық Банкі орталық аппаратының бөлімшелері, аумақтық филиалдары және ведомствосы тексеру белгілеу туралы актілерді тіркеудің жеке журналдарын жүргізеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі немесе оның ведомствосы құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі уәкілетті органда тексеру белгілеу туралы актіні тексеру басталғаннан кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей тіркейді.

Тексеру белгілеу туралы актіде мыналар көрсетіледі:

- 1) актінің нөмірі және күні;
- 2) тексеру жүргізетін қызметкерлердің, сондай-ақ тексеруді басқару жүктелген тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы;
- 3) оған қатысты тексеру жүргізу белгіленген тексерілетін субъектінің атауы, оның орналасқан жері;
- 4) тексеру түрі;
- 5) тексеруге жататын мәселелер;
- 6) тексеруді жүргізу мерзімі;
- 7) тексерілетін кезең.

2. Тексерілетін субъектінің басшысына (оның орынбасарына) тексеру белгілеу туралы актінің көшірмесін тапсырған күн жоспарлы, жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталған күні болып саналады. Тексерілетін субъектіге тексеру белгілеу туралы актінің көшірмесі тапсырылған соң оның түпнұсқасына актінің алынғаны және онымен танысқаны туралы белгі қойылады.

Тексеру белгілеу туралы актіні қабылдаудан бас тартқан немесе Қазақстан Ұлттық

Банкінің немесе оның ведомствосының тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларының тексеру жүргізуге қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі жасалған жағдайда тиісті акт жасалады. Актіге Қазақстан Ұлттық Банкінің немесе оның ведомствосының тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғасы қол қояды. Тексерілетін субъектінің қызметкері тексеру белгілеу туралы актіні қабылдаудан бас тартқан кезде онда тиісті жазба жазылады. Тексеру белгілеу туралы актіні қабылдаудан бас тарту тексеруді тоқтату үшін негіз болып табылмайды. Тексерілетін субъект тексеруді белгіленген мерзімде жүргізудің мүмкін болмауына әкеп соқтырған тексеруші топтың сұрау салуында көрсетілген мерзімде құжаттарды, ақпаратты беруден бас тартқан, осы баптың шарттарын орындамаған жағдайда, тексеруді белгілеу туралы актіні бекітуге уәкілетті лауазымды тұлғаның келісімімен тексеру басшысының шешімі бойынша тексеру жүргізілмеген деп саналады.

Тексерілетін субъектінің басшысы (оның орынбасары) болмаған жағдайда тексеру белгілеу туралы актінің көшірмесі тексерілетін субъектінің қызметкеріне не оның құрылтайшысына (құрылтайшыларының біріне) түпнұсқасына қол қойдыра отырып тапсырылады.

Тексерілетін субъектінің қызметкеріне не оның құрылтайшысына (құрылтайшыларының біріне) тексеру белгілеу туралы актінің көшірмесі тапсырылған кезде тексерілетін субъект басшысының (оның орынбасарының) оны алғаны туралы белгісі бар тексеру белгілеу туралы актінің көшірмесі тексеру белгілеу туралы акті тапсырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Ұлттық Банкінің немесе оның ведомствосының лауазымды тұлғаларына берілуге тиіс.

Тексерілетін субъектінің қызметкеріне не оның құрылтайшысына (құрылтайшыларының біріне) тексеру белгілеу туралы актінің көшірмесін тапсыру мүмкін болмаған жағдайда, ол тексерілетін субъектінің және (немесе) оның басшысының (оның орынбасарының) тіркелген орны бойынша хабарлана отырып, пошта бойынша тапсырыс хатпен жіберіледі. Хат қайта қайтарылған және тексеру белгілеу туралы актіні тексеру жүргізу белгіленген мерзімде тапсыру мүмкін болмаған кезде тексеру жүргізілмеген болып саналады. Бұл ретте тексеру басшысы тексеру белгілеу туралы актіні бекітуге уәкілетті лауазымды тұлғаға бұл жайлы жазбаша хабар етеді.

3. Тексерілетін субъект тексеру басталғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей Қазақстан Ұлттық Банкінің немесе оның ведомствосының тексеру басшысының немесе тексеру жүргізетін қызметкерінің атына:

1) тексеру жүргізуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ тексерудің аяқталуы туралы актімен, аралық актімен және (немесе) тексеру нәтижелері туралы актімен танысуға және қол қоюға жауапты басшы және оның орнындағы адам;

2) тексерілетін субъектінің қажетті құжаттарды (мәліметтерді) дайындауға, оларды тексеру жүргізетін қызметкерлерге уақтылы беруге және (немесе) тексеру жүргізетін

қызметкерлерден аралық актілерді алуға жауапты мамандары туралы деректері бар
х а т т ы б е р е д і .

4. Жоспарлы, жоспардан тыс тексеру жүргізу мерзімі отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс. Тексеру көлемінің ауқымдылығына байланысты жоспарлы, жоспардан тыс тексеру жүргізу мерзімі Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары, Қазақстан Ұлттық Банкі ведомствосының және аумақтық филиалдарының басшылары не өзге де уәкілетті лауазымды тұлғалары бекіткен тексеруді ұзарту туралы қосымша акті негізінде отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бір рет қана ұзартылуы мүмкін. Тексеруді ұзарту туралы қосымша актіде тексеру белгілеу туралы алдыңғы актінің нөмірі және күні көрсетіледі.

5. Тексерілетін субъект тексеру жүргізетін қызметкерлерге өзінің әкімшілік ғимараттарына (оның ішінде мереке және демалыс күндері) кіруге рұқсат беруге, ұйымдастыру техникасымен және халықаралық байланыспен жабдықталған жұмыс істеуге арналған жеке үй-жайды ұсынуға, тексерілетін субъектінің қызметіне қатысты ақпаратқа, оның ішінде нақты уақыт режимінде деректерді түзету мүмкіндігінсіз (деректерді қағаз тасымалдауышқа шығару мүмкіндігімен қарау режимінде) автоматтандырылған жүйелерге және деректер базаларына кіруді қамтамасыз етуге, тексеру жүргізетін қызметкерлерге қажетті құжаттардың, оның ішінде электрондық түрде көшірмелерін түсіріп алуға мүмкіндік беруге, сондай-ақ тексеру жүргізетін қызметкерлердің сұрақтарына (ауызша және жазбаша) түсініктемелер беруді қамтамасыз етуге және тексеруші қызметкерлерге тексеруді уақтылы аяқтауға жәрдемдесуге міндетті.

6. Тексеру жүргізетін қызметкерлер тексерілетін субъектінің басшысына, тексеру жүргізуді қамтамасыз етуге жауапты басшыға не тексерілетін субъектінің өзге уәкілетті қызметкеріне белгіленген мерзімде орындалуға тиіс жазбаша сұрау салу жібереді.

Тексерілетін субъект тексеру жүргізетін қызметкерлерден сұрау салуды алған күні не сұрау салуда белгіленген мерзімдерде тексеру материалдарына тіркеу үшін барлық қажетті мәліметтер мен құжаттарды, оның ішінде олардың көшірмелерін беруге міндетті.

7. Тексеру жүргізетін қызметкерді ауыстырған (тексеруші топтың құрамын өзгерткен) кезде қосымша акт жасалады, онда тексеру белгілеу туралы бұрын жасалған актінің нөмірі мен күні және тексеру жүргізетін қызметкерді ауыстыру (тексеруші топтың құрамын өзгерту) негіздері көрсетіледі.

8. Тексерілетін субъектіге тексеруді аяқтау туралы акті тапсырылған күн жоспарлы, жоспардан тыс тексеруді аяқтау күні болып саналады. Жоспарлы, жоспардан тыс тексеруді аяқтау туралы актіге тексеру басшысы және оның тікелей басшысы қол қояды және тексерілетін субъектіге тексеру белгілеу туралы актіде көрсетілген тексеру жүргізу мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей тапсырылады.

62-3-бап. Құжаттамалық тексеру жүргізу ерекшеліктері

1. Құжаттамалық тексеру оны белгілеу туралы актіні ресімдеуді талап етпейді.

2. Қосымша жағдайларды анықтау мақсатында құжаттамалық тексеру кезінде тексерілетін субъектінің атына уәкілетті лауазымды тұлға қол қойған сұрау салу ж і б е р і л е д і , о н д а :

1) тексерілетін субъектінің атауы, оның орналасқан жері;

2) құжаттамалық тексерудің негізі;

3) тексерілетін субъект Қазақстан Ұлттық Банкіне немесе оның ведомствосына беруге міндетті құжаттардың тізбесі;

4) сұратылған материалдарды беру мерзімі;

5) қажет болғанда, тексерілетін субъект тарапынан түсіндіруді талап ететін мәліметтер көрсетіледі.

3. Тексерілетін субъект, егер сұрау салуда басқаша белгіленбесе, сұратылған құжаттар мен түсініктемелерді сұрау салуды алған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

4. Тексерілетін субъект тарапынан қол қоюды талап етпейтін құжаттамалық тексерудің нәтижелері туралы қорытындыға уәкілетті лауазымды тұлға қол қойған күн құжаттамалық тексерудің аяқталғаны болып табылады.

62-4-бап. Тексерудің өзге де мәселелері

1. Қазақстан Ұлттық Банкінің немесе оның ведомствосының тексеру жүргізетін қызметкерлері қажет болғанда тексерілетін субъектіге танысу үшін берілетін аралық актілерді ж а с а й д ы .

2. Тексерілетін субъект аралық актіні алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тексерілетін субъектінің басшысы (оның орынбасары) не тексерудің жүргізілуін қамтамасыз етуге жауапты басшысы қол қойған аралық актінің бір данасын қайтарады және аралық актінің мазмұнына қатысты ескертулер болған жағдайда тексеру басшысына өзінің жазбаша қарсылықтарын береді.

Аралық актілерде жазылған қорытындылар алдын ала жасалады және тексерілетін субъектінің берген қарсылықтары мен қосымша ақпараты, оның ішінде үшінші тұлғалардан алынған ақпарат ескеріле отырып, тексеру нәтижелері туралы актіде қайта қ а р а л у ы м ү м к і н .

3. Жоспарлы, жоспардан тыс тексеру аяқталған соң отыз жұмыс күні ішінде тексерілетін субъекті басшысының атына Қазақстан Ұлттық Банкінің немесе оның ведомствосының тексеруші қызметкерлері, тексеру басшысы және оның тікелей басшысы қол қойған тексеру нәтижелері туралы актінің екі данасы жіберіледі.

Тексеру нәтижелері туралы актіде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) актінің жасалған күні және орны;

2) тексеру жүргізген органның атауы;

3) тексеру жүргізуге негіз болған тексеру белгілеу туралы актінің күні және нөмірі;

4) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы;

5) тексерілетін субъектінің атауы, оның орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, тексерілетін субъекті басшысының не оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты;

6) тексеру жүргізу орны және кезеңі;

7) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтер ;

8) тексерілетін субъекті басшысының (оның орынбасарының) не тексерудің жүргізілуін қамтамасыз етуге жауапты басшысының актімен не осы баптың 7-тармағында көрсетілген өзге тұлғаның тексеру нәтижелері туралы актімен танысуы туралы мәліметтер ;

9) тексеру жүргізген лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) қолы.

Тексеру нәтижелері туралы актіге тексеру нәтижелерімен байланысты қажетті құжаттар (мәліметтер) немесе олардың көшірмелері қоса берілуі мүмкін.

4. Тексерілетін субъектінің басшысы (оның орынбасары) не тексерудің жүргізілуін қамтамасыз етуге жауапты басшысы тексеру нәтижелері туралы актінің бірінші данасын қабылдайды, актінің екінші данасының әрбір парағына қол қояды, оның соңғы парағына тегін, атын, әкесінің атын, лауазымын көрсете отырып, алған күні туралы белгі қояды және тексеру нәтижелері туралы актіні алған күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей оны Қазақстан Ұлттық Банкіне немесе оның ведомствосына жібереді. Тексерілетін субъект тексеру нәтижелері туралы актіде көрсетілген тексеру нәтижелерін оның атқарушы және басқа басқару органдарына жібереді.

5. Тексеру нәтижелері бойынша қарсылықтар болған кезде тексерілетін субъект тексеру нәтижелері туралы актіні алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оларды Қазақстан Ұлттық Банкіне немесе оның ведомствосына жазбаша түрде береді.

6. Жоспарлы, жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актіде жазылған тексерілетін субъектіні тексеру нәтижелері, қажет болғанда, тексерілетін субъектінің басшыларын шақыра отырып, Қазақстан Ұлттық Банкі және (немесе) оның ведомствосы басшысының немесе олардың орынбасарларының, Қазақстан Ұлттық Банкі және (немесе) оның ведомствосы бөлімшелері басшыларының немесе олардың орынбасарларының, тексеру басшысының төрағалық етуімен өтетін мәжілісте қаралады .

Мәжіліс нәтижелері мәжіліс төрағасы қол қойған хаттамамен ресімделеді және қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде тексерілетін субъектінің басшысына танысуға жіберіледі. Қарсылықтары болған жағдайда тексерілетін субъект мәжіліс хаттамасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды Қазақстан Ұлттық Банкіне және оның ведомствосына жазбаша түрде береді.

Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомствосы тексерілетін субъектінің хаттамаға қарсылықтарымен келіспеген жағдайда соңғы шешімді Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомствосының басшысы немесе олардың орынбасары қабылдайды және тексерілетін субъектінің басшысына жіберіледі.

7. Жоспарлы, жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актіге тексерілетін субъект тарапынан басшысы, оның орынбасары не тексерудің жүргізілуін қамтамасыз етуге жауапты басшысы қол қояды.

Тексерілетін субъектінің басшысы, оның орынбасары не тексерудің жүргізілуін қамтамасыз етуге жауапты басшысы болмаған кезде жоспарлы, жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актіге тексерілетін субъект тарапынан оның құрылтайшысы (құрылтайшыларының бірі) не тексерілетін субъект атынан, оның ішінде тиісті бұйрық және (немесе) сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын өзге қызметкері қол қояды.

8. Осы баптың 7-тармағында көрсетілген адамдар болмаған кезде және оларға қол қою үшін тексеру нәтижелері туралы актіні тапсыру мүмкін болмаған кезде, тексеру тексеруші адамдар оның нәтижелері туралы актіге қол қойған күннен бастап аяқталған деп саналады.

9. Тексеру нәтижелері Қазақстан Ұлттық Банкінің немесе оның ведомствосының өз функцияларын орындау мақсатында ғана пайдаланылуға тиіс.

10. Жоспарлы, жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актіні тексерілетін субъект жарнамалық немесе өзге мақсатта өзінің қаржылық жай-күйін растау үшін пайдалана алмайды, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкімен немесе оның ведомствосымен келіспей, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға берілмейді.

11. Тексерілетін субъект Қазақстан Ұлттық Банкіне немесе оның ведомствосына берген қаржылық және өзге есептіліктердің құжаттамалық деректері жоспарлы, жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актіде келтірілген мәліметтермен сәйкес келмеген кезде тексерілетін субъект өзінің есептілігін, оның ішінде өткен есепті күндерге арналған есептілігін, Қазақстан Ұлттық Банкінің немесе оның ведомствосының нұсқауы бойынша тексеру нәтижелері туралы актіде көрсетілген нақты деректерге сәйкес келтіреді.

12. Тексерілетін субъект Қазақстан Ұлттық Банкінің ведомствосы белгілеген мерзімде жоспарланған шаралары, жауапты орындаушылары және тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою мерзімдері көрсетілген іс-шаралар жоспарын келісуге ұсынады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің ведомствосымен іс-шаралардың жоспары келісілген соң тексерілетін субъект бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою туралы есептерді не іс-шаралар жоспары бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелердің орындалмау себептері туралы түсініктемелер береді.

13. Тексерілетін субъектінің осы Заңның 62-2-бабындағы 2-тармақтың төртінші бөлігінің, 3, 5 және 6-тармақтарының, 62-3-баптың 3-тармағының, сондай-ақ осы баптың 2, 4 және 12-тармақтарының талаптарын бұзуы тексерілетін субъектіге не оның басшысына қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шектеулі ықпал ету шараларын және санкцияларды қолдану үшін негіз болып табылады.

14. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомствосының қызметкерлеріне тексерілетін субъектінің қызметін тексеру барысында алынған мәліметтерді жариялауға не үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

15. Тексеруді жүзеге асыратын тұлғалар тексерілетін субъектінің қызметін тексеру барысында алынған және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жариялағаны үшін жауапты болады.

62-5-бап. Бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандары

Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомствосы бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын :

1) заңнама талаптарына сәйкес берілетін ақпарат пен есептілікті талдау;

2) қаржы ұйымдарының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды анықтау үшін олардың қызметін талдау (қашықтан қадағалау);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген рұқсат беру құжаттарын, келісімдер беруді келісу, беру және кері қайтарып алу, қызметті лицензиялау, бағалы қағаздардың шығарылымдарын тіркеу, бағалы қағаздарды орналастыру (өтеу) қорытындылары туралы есептерді бекіту, бағалы қағаздар шығарылымдарының күшін жою мәселелері бойынша құжаттарды, үлестес тұлғалар туралы ақпаратты қарау;

4) уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің үй-жайлардың техникалық жарақталуына қойылатын талаптарға сәйкестігін қарау;

5) кредиттік тарих жүйесіне және сақтандыру бойынша деректер базасына қатысушылардың қауіпсіздік жүйесін және үй-жайларына, электрондық және өзге жабдықтарына қойылатын талаптарды орындауын қарау;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіпте қаржы ұйымдарына өзінің өкілін жіберу; 7) аккредитациялау, тізілімдерді жүргізу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасайтын бірлескен қызмет туралы шарттарды тіркеу ;

8) белгіленген пруденциалдық нормативтердің және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттердің, оның ішінде шоғырландырылған негізде орындалуымен немесе сақталуымен байланысты қызметті талдау;

9) банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының уақытша әкімшіліктері (уақытша басқарушылары), тарату комиссиялары беретін есептілік пен өзге ақпаратты қарау;

10) мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып тарату комиссияларын тағайындау және босату;

11) мәжбүрлеп таратылатын банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторларының аралық тарату балансын және талаптар тізілімін, ерікті немесе мәжбүрлеп таратылатын банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру

) ұйымдары, жинақтаушы зейнетақы қорлары кредиторлары комитетінің құрамын
б е к і т у ;

12) мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының тарату туралы есебін және тарату балансын келісу;

13) валюталық бақылау агенттеріне валюталық бақылауды тиісінше жүзеге асыру мақсатында олардың орындауы үшін міндетті тапсырмалар беру;

14) тексерілетін субъектілердің қызметін бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша олардың кездесулері мен талқылауларын өткізу;

15) қаржы ұйымдарының және сақтандыру топтары бас ұйымдарының немесе банктік конгломераттың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптардың орындалуымен немесе сақталуымен байланысты қызметті талдау;

16) актуарийлердің біліктілік емтиханын өткізу жолымен жүзеге асырады;

17) орындалған жұмыс туралы банктің уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімші), жинақтаушы зейнетақы қорының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның есебін
б е к і т у . " ;

23) 66-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;

24) 70-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"70-бап. Ақпарат алу жөніндегі өкілеттік

Қазақстан Ұлттық Банкіне жүктелген функцияларды сапалы және уақтылы орындауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі кез келген жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты, оның ішінде қызметтік, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді өтеусіз алуға құқылы, бұл ретте алынған мәліметтер жария етілмеуі тиіс.

Мемлекеттік органдар, қаржы және өзге ұйымдар, олардың қауымдастықтары (одақтары), сондай-ақ жеке тұлғалар Қазақстан Ұлттық Банкінің сұрау салуы бойынша қаржы құжаттарын қоса алғанда, құжаттарды, есептілікті және қажет болған жағдайда Қазақстан Ұлттық Банкінің өз функцияларын орындауына қажетті өзге де қосымша а қ п а р а т т ы б е р у г е м і н д е т т і . " ;

25) 70-1-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары – заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметтерді қоспағанда, Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жеке және заңды тұлғаларға өтеусіз негізде мемлекеттік қызметтер көрсетеді.";

26) 71 және 72-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"71-бап. Талап қоюдың ескіру мерзімі

Қазақстан Ұлттық Банкінің кредит шарттарының тиісінше орындалмауы жөнінде қарыз алушыларға қоятын талаптарына талап қоюдың ескіру мерзімі қолданылмайды.

72-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің жауапкершілігі

Қазақстан Ұлттық Банкі өз міндеттемелерін орындамағаны үшін Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жауаптылық атқарады."

8. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат):

1) 1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны әділет органдарында (тіркеуші органдарда) (бұдан әрі ? әділет органдары) банк ретінде мемлекеттік тіркеумен және банк операцияларын жүргізуге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі лицензиясының болуымен белгіленеді.";

2) 2 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) банкаралық клиринг – төлемдерді жинау, салыстырып тексеру, сұрыптау және растау, сондай-ақ олардың өзара есепке жатқызуын жүргізу және клирингке қатысушылардың ? банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың таза позицияларын айқындау;"

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) депозит – бір тұлға (депозитор) басқа тұлғаға – банкке, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және Ұлттық пошта операторына оның номиналды түрде (ислам банкіндегі инвестициялық депозиттен басқа) қайтарылу талабымен, алғашқы талап етуі бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін толық немесе бөліп-бөліп, алдын ала келісілген үстемесімен не онсыз депозиторға тікелей не оның тапсыруымен үшінші тұлғаға берілетініне қарамастан, беретін ақша;"

3) 3 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттің орталық банкі болып табылады және ол банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – уәкілетті орган) міндеттері, қызмет қағидаттары, құқықтық мәртебесі және өкілеттігі "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарымен белгіленеді.

Уәкілетті орган өзінің құзыреті шегінде банк қызметінің мәселелері бойынша реттеуді, сондай-ақ өзінің ведомстволарымен қатар бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жұмыс істеуі үшін жалпы жағдайлар жасауға жәрдемдеседі.

Уәкілетті органның банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты реттеу функциялары Қазақстан Республикасының ақша-кредит жүйесінің тұрақтылығын қолдауға, банк кредиторларының, олардың салымшылары мен клиенттерінің мүдделерін қорғауға бағытталған."; мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамын қоспағанда, Қазақстан Республикасында мамандандырылған салалық банктер құруға тыйым салынады." ;

4) 4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының банк заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарынан, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңдар мен Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің негізінде және оларды орындау үшін шығарылатын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінен тұрады." ;

5) 5 және 6-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым –уәкілетті органның лицензиясы негізінде не Қазақстан Республикасының заңына сәйкес осы Заңда көзделген жекелеген банк операцияларын жүргізуге құқылы, банк болып табылмайтын заңды тұлға." ;

6-бап. Уәкілдік берілмеген қызметке тыйым салу

Уәкілетті органның тиісті лицензиясы жоқ бірде-бір адамның:

1) негізгі немесе қосымша қызмет ретінде банк операцияларын орындауға;

2) өзінің атауында, құжаттарда, хабарландырулар мен жарнамада "банк" сөзін қолдануға немесе содан туындап, ол банк операцияларын атқаратындай әсер қалдыратын сөзді (ұғымды) қолдануға құқығы жоқ. Бұл тыйым уәкілетті органға, банктердің филиалдары мен өкілдіктеріне, банктердің еншілес ұйымдарына, халықаралық қаржы ұйымдарына қолданылмайды.

Уәкілетті органның лицензиясыз жүзеге асырылған банк операциялары, мемлекеттік органның, кредиттік серіктестіктердің, Ұлттық пошта операторының, "

электрондық үкіметтің" төлем шлюзі операторының, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкі Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген өкілеттіктері шегінде жүргізетін қызметін (операцияларын) қоспағанда, жарамсыз деп табылады.";

6) 8-баптың 9-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) банкаралық клирингті жүзеге асырумен;"

7) 9-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Банк операцияларын жүргізуге уәкілетті органның лицензиясы жоқ заңды тұлғаларға банк операциялары санатына жататын қызметтерді жарнамалауға тыйым салынады." ;

8) 11 - 1 - б а п т а :

6-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) өтініш берген күнге және құжаттарды қарау кезеңінде ықпал етудің қолданыстағы шектелген шараларының және(немесе) уәкілетті органның банкке және (немесе) банк холдингіне және (немесе) болжанған еншілес ұйымды сатып алуға қатысты қолданған санкцияларының болуы;"

13-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Еншілес ұйымды құруға, иеленуге, ұйымның жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсатын кері қайтарып алған кезде уәкілетті орган рұқсатты кері қайтарып алуға негіз болып табылатын факті анықталған немесе банк және (немесе) банк холдингі рұқсатты кері қайтарып алу туралы өтінішті берген күнінен бастап екі ай ішінде бұрын берілген рұқсаттың күшін жою туралы шешім қабылдайды.";

9) 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті органның басқа барлық банктердің, өз атауында кез келген тілде толық немесе қысқарған түрде "ұлттық", "орталық" деген сөздерді пайдалануына тыйым салынады." ;

10) 17 - 1 - б а п т а :

15-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Уәкілетті орган келісім беруге негіз болған дәйексіз мәліметтер анықталған немесе өтініш берушінің ірі қатысушы немесе банк холдингі мәртебесін иемденуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптары бұзылған немесе банктің ірі қатысушылары немесе банк холдингі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтамаған жағдайда келісімді кері қайтарып алуға негіз болып табылатын фактіні анықтаған күнінен бастап екі ай ішінде осы бапқа сәйкес берілген келісімнің күшін жою туралы шешім қабылдай отырып, оны кері қайтарып алуға құқылы. Бұл жағдайда осындай шара қолданылатын тұлға банк акцияларының өзіне тиесілі санын алты ай ішінде осы бапта белгіленгеннен төмен деңгейге дейін азайтуға міндетті." ;

18-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк акциялары санының банктің орналастырылған (артықшылықты және банк

сатып алған акциялары шегеріле отырып) акцияларының санына және (немесе) банктің дауыс беретін акцияларының санына пайыздық арақатынасы банктің ірі қатысушысына, банк холдингіне тиесілі он немесе жиырма бес пайыздан кем болатын санға дейін өзгерген жағдайда уәкілетті орган банктің ірі қатысушысының, банк холдингінің өтініші бойынша не көрсетілген фактіні дербес анықтаған жағдайда оны анықтаған күнінен бастап екі ай ішінде банктің ірі қатысушысының немесе банк холдингінің мәртебесін иемденуге келісім беру үшін көзделген тәртіпте бұрын берілген жазбаша келісімнің күшін жою туралы шешім қабылдайды.";

11) 24-баптың 1-тармағы г-1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"заңда белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар болса;"

1 2) 2 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктік, сондай-ақ осы Заңға сәйкес белгіленген өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензияларды уәкілетті орган осы Заңның талаптарына сәйкес белгіленген тәртіпте береді.";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган лицензия берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктердің жүзеге асыруына рұқсат берілген операциялардың атауларын на қ т ы л а у ғ а қ ұ қ ы л ы . " ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банк операцияларын жүргізуге лицензия алу үшін өтініш беруші мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап бір жыл ішінде барлық ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды орындауы, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін үй-жайды, жабдықты және бухгалтерлік есеп пен бас бухгалтерлік кітапты автоматтандыру жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді дайындауы, тиісті персонал жалдауы, бұдан кейін уәкілетті органға мынадай құжаттарды беруге тиіс:";

2) тармақша алып тасталсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) ең төмен мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелерін б е р у ғ е т и і с . " ;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Банк операциясын жүргізуге лицензия беру туралы өтінішпен бір мезгілде лицензиат осы баптың 2-тармағындағы талаптардың орындалуын растайтын құжаттарды уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте

б е р у г е

м і н д е т т і . " ;

"4. Банк операцияларын жүргізуге лицензия беру жөніндегі өтінішті уәкілетті орган Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін құжаттар берілген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қарауға тиіс."

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Банк операцияларын жүргізуге лицензия беру жөніндегі шешім уәкілетті органның ресми басылымдарында жарияланады."

13) 28-баптың 1 және 2-тармақтары алып тасталсын;
1 4) 2 9 - б а п т а :

2-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

6-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

1 5) 3 0 - б а п т а :

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тапсырма шарты негізінде сенім білдірушінің (қызмет берушінің) атынан және оның тапсырмасы бойынша іс-әрекет жасайтын сенім білдірілген адам жүзеге асыратын қаржылық қызметтен басқа, көрсетілетін қызметтер үшін тұтынушылардан қолма-қол ақша қабылдау, оның ішінде электрондық терминалдар арқылы қабылдау. Сенім білдірілген адамның төлемдерді сенім білдірушінің (қызмет берушінің) пайдасына қабылдау құқығын растайтын құжаттар төлеушіге оның талап етуі бойынша т а н ы с у үшін берілуге тиіс."

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың 2-тармағында тізіп көрсетілген банк операциялары уәкілетті орган белгілеген тәртіпте электрондық тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Банктерге осы бапта көзделген банк және өзге де операцияларды жүргізуге лицензияны уәкілетті орган береді."

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осындай ұйымның қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңында көрсетілген операцияларды лицензиясыз жүзеге асыру мүмкіндігі көзделген жағдайларды қоспағанда;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы баптың 2-тармағының б) тармақшасында көзделген банк операциясын олардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік органдар, кредиттік серіктестіктер, Ұлттық пошта операторы, "электрондық үкімет" төлем шлюзінің операторы, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкі уәкілетті органның лицензиясынсыз жүзеге асырады."

7-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1. Уәкілетті органның лицензиясы негізінде банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, орау, сақтау,

сондай-ақ оларды банктерге және банктердің тапсырмасы бойынша олардың клиенттеріне беру жөніндегі қызметті қоспағанда, қызметтің өзге де түрлерімен (операциялармен) айналысуларына тыйым салынады.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Осы бапта көзделген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүзеге асыратын банк операцияларын лицензиялаудың тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

10. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде банктер мен жекелеген қызмет түрлеріне лицензия алуларына байланысты банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.";

16) 34-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Банктік қарыз операциялары банктің, ипотекалық ұйымның, номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокердің және (немесе) дилердің немесе агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымының басқару органы бекітетін Ішкі кредит саясаты туралы қағидаларға с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы . "

17) 36-баптың екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпте, қарыз алушының талабы бойынша ашылған банктік шоттардағы, қарыз алушы мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдер түрінде алатын ақшаны қоспағанда, қарыз алушының кез келген банктік шоттарындағы ақшаны даусыз (акцептсіз) тәртіпте өндіріп алуға (егер мұндай өндіріп алу банктік қарыз шартында ескертілген болса);"

18) 40-3-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақшамен толықтырылсын:

"4. Қарыз алушы жеке тұлғалардың ипотекалық қарыз шарттары бойынша міндеттемелерді орындау шарттарын өзгертуге қатысты өтініштері бойынша банк омбудсманы тараптардың осы бапта көзделген шешімді қабылдамай-ақ кездесулер өткізу және ұсынымдар беру жолымен өзара қолайлы шешімге қол жеткізуіне ж ә р д е м д е с е д і .

Өтінішті қарау нәтижелері оны тараптарға жібере отырып, хаттамамен ресімделеді."

;

19) 46-баптың 9-тармағы алып тасталсын;

20) 47-баптың 6-1-тармағы алып тасталсын;

21) 48 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"48-бап. Барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, тоқтату не одан айыру үшін негіздер";

1-тармақтың ж) және з) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"ж) уәкілетті органға есептер мен мәліметтер бермеу немесе көрінеу дәйексіз етіп

б е р у ;

з) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін жүйелі (кейінгі күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзғаны не жазбаша ұйғарымдарын жүйелі (кейінгі күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) орындамағаны;"

мынадай мазмұндағы 1-4-тармақпен толықтырылсын:

"1-4. Барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияның қолданылуын тоқтату "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша және барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге құқылы және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялануға жататын тұлғалар тізбесінен лицензиатты алып тастаған кезде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы . " ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті орган бұзушылықтың сипатына қарай барлық не жекелеген банк операцияларын жүргізуге лицензияны тоқтата тұрады не одан айырады.

Уәкілетті органның барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтата тұру не одан айыру туралы шешімдеріне шағым жасау көрсетілген шешімдерді орындауды тоқтатпайды."

2 2) 5 0 - б а п т а :

4-тармақтың екінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) банктердің салық органдарын заңды тұлғаға, резидент еместі қоса алғанда, оның құрылымдық бөлімшелеріне, дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаға, шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға банк шоттарының ашылғаны туралы міндетті түрде хабардар етуі;"

мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) банктік қарыз беру фактісін растайтын құжаттарды басқа банктерге беруі;

11) банкроттық саласындағы уәкілетті органға және конкурстық басқарушыға соттың банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі бар тұлғаның банк шоты б о й ы н ш а м ә л і м е т т е р б е р у і . " ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Банк шоттарының бар болуы және нөмірлері туралы анықтамалар шот (шоттар) иесі қарыз алушысы, кепілгері, кепілдік берушісі, лизинг алушысы немесе кепіл берушісі болып табылатын банкке банк басқармасының төрағасы немесе оның орынбасарлары қол қойған жазбаша сұрау салу негізінде, кредиттің алынғанын растайтын, тізбесі мен ұсыну тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленетін құжаттар ұсынылған жағдайда беріледі."

б - т а р м а қ т а :

д) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"дара кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат, жеке сот орындаушысы ретінде тіркеу

есебінде тұрған тексерілетін жеке тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша ; " ;

төртінші, бесінші және алтыншы абзацтар алып тасталсын;

д-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"д-2) жеке сот орындаушыларына: олардың жүргізіп жатқан атқару істері бойынша жеке сот орындаушысының жеке мөрімен расталған және соттың санкциялаған қаулысы, не оның жеке мөрімен расталған көшірмесі негізінде.";

7-1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1. Егер осы баптың 6-1-тармағында өзгеше белгіленбесе, осы баптың 6 және 7-тармақтарында көзделген клиенттің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы анықтамалар клиенттің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді нысанында беріледі. Клиенттің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзіндіде болуы тиіс мәліметтер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде а й қ ы н д а л а д ы . " ;

мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Осы баптың талаптары банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға да қолданылады." ;

23) 54-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"54-бап. Банктердегі есеп және есептілік

1. Шоғырландырылған негіздегі қаржылық және өзге де есептілікті қоса алғанда, қаржылық және өзге де есептіліктің тізбесін, нысандарын не нысандарға талаптарды, сондай-ақ оларды беру мерзімдері мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Банктер операциялар мен оқиғаларды есепке алуды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Банктер уәкілетті органның сұрау салуы бойынша өздерінің қаражаттары, оның ішінде Қазақстан Республикасы шегінен тыс жердегі қаражаттары, қабылданған депозиттер мен берілген кредиттердің мөлшері, жасалған және жасалып жатқан банк операциялары туралы кез келген ақпаратты және банк құпиясы болып табылатын мәліметтерді қоса, өзге де мәліметтерді беруге міндетті.

3. Банктер уәкілетті орган белгілеген тәртіпте өздері ірі қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей және жанама қатысуы жөнінде уәкілетті орган сұратқан кез келген ақпаратты беруге міндетті.

4. Уәкілетті органның қызметкерлері осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген құқықтарды іске асыру барысында алынған мәліметтерді жария еткені не үшінші тұлғаларға бергені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіпте жауапты болады." ;

24) 55-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктер жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (

ұйымдары) болмаған жағдайда – шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті, сондай-ақ аудиторлық есепті осы Заңның 19-бабы 4-тармағының талаптарына сай келетін аудиторлық ұйым оларда ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын растағаннан кейін және банк акционерлерінің жылдық жиналысы қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін уәкілетті орган белгілеген тәртіпте және мерзімдерде жариялады.

Банктер тоқсан сайын уәкілетті орган белгілеген тәртіпте және мерзімдерде халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес келетін бухгалтерлік балансын, пайдасы мен шығыны туралы есебін, олардың аудиторлық растауынсыз-ақ жариялады. " ;

25) 57-баптың 3-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жүргізілген банк операцияларының осы Заңның, қолданыстағы заңнаманың және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестігі;" ;

26) 59-3-бапта :

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Банк соттың банкті қайта құрылымдау туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын кемінде екі мерзімді баспа басылымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде тиісті хабарландыру жариялау арқылы депозиторларға, кредиторларға және өзге де клиенттерге қайта құрылымдау туралы хабарлайды.

Банк соттың қайта құрылымдау туралы шешімінің көшірмесін оны алғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірмейтін мерзімде корреспондент-банктерге жібереді." ;

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Банктер соттың қайта құрылымдауды тоқтату туралы шешімінің көшірмесін оны алғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірмейтін мерзімде корреспондент-банктерге жібереді. " ;

27) 61-3-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Активтер мен міндеттемелерді тұрақтандыру банкіне бергеннен кейін сыйақыны есептеу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар алдындағы міндеттемелерді орындау он екі ай мерзімге тоқтатыла тұрады. Жеке және заңды тұлғалардың мерзімді салымдары бойынша міндеттемелерді, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен уәкілетті орган алдындағы міндеттемелерді, сондай-ақ тұрақтандыру банкіне берілген активтермен қамтамасыз етілген екінші деңгейдегі банктер алдындағы міндеттемелерді қоса алғанда, орындалу мерзімі басталған міндеттемелерді тұрақтандыру банкі орындауға тиіс. Тұрақтандыру банкі жеке және заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары бойынша міндеттемелерді орындайды." ;

28) 73-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Таратылатын банктің мүлкін өткізуді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте банктің тарату комиссиясы жүргізеді." ;

29) 74-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тарату комиссиясы төрағасының және мүшесінің құқықтары мен міндеттері, оның ішінде сыйақыға құқығы, мәжбүрлеп таратылатын банктің істері мен мүлкін басқару жөніндегі өкілеттіктердің көлемі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен және кредиторлар комитетінің олармен заңнамада белгіленген талаптарды ескере отырып, жасалатын келісімімен реттеледі.";

30) 74-4-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда тарату комиссиясының төрағасы, бөлімше басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.";

3 1) 7 5 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Олардың әрқайсысы үшін рұқсат етілген банк операциялары түрлерінің тізбесін, оларға банк операцияларын жүргізу бойынша лицензия берудің негіздері мен олардың қызметін мүмкіндігінше шектеулерді қоса алғанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құқықтық мәртебесі, құрылу тәртібі, лицензиялануы, қызметінің реттелуі мен тоқтатылуы осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.";

3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

32) 77-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"77-бап. Уәкілетті органның іс-әрекеттеріне шағым жасау

Уәкілетті органның банк қызметін реттеу саласындағы іс-әрекеттеріне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін."

9. "Прокуратура туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 15, 208-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 142-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 15-16, 63-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 16, 128-құжат; № 19, 145-құжат):

21-баптың 1-тармағының 5-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-2) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лауазымды тұлғаларын қоспағанда) банктік құпиясы бар құжаттарға қол жеткізуге;"

10. "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің

Жаршысы, 1995 ж., № 24, 165-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Ж а р ш ы с ы , 1 9 9 7 ж . , № 1 3 - 1 4 , 205-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 18, 143-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат ; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 1-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"9) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі."
2) 5-4-баптың 2-тармағында:
бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:
" 3) е с к е р т у б е р у г е ;
4) ипотекалық ұйыммен жазбаша келісім жасау."
мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші және алтыншы бөліктермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Егер уәкілетті орган ипотекалық ұйымның Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғанын анықтаған немесе орын алып отырған кемшіліктер уәкілетті орган белгілеген мерзімде жойылмаған жағдайда, жазбаша ескерту осы баптың 4-тармағында көзделген санкцияларды ипотекалық ұйымға қолдану мүмкіндігі туралы уәкілетті органның хабарламасы болып табылады.

Жазбаша келісім – бұл анықталған кемшіліктерді дереу жою қажеттігі туралы және осыған байланысты бірінші кезектегі шараларды бекіту туралы ипотекалық ұйым мен уәкілетті орган арасындағы келісім.

Ипотекалық ұйым міндеттеме-хаттың немесе жазбаша нұсқаманың құжатта көрсетілген мерзімде орындалғаны туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті."

3) 25-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) негізгі міндеттеменің орындалмағаны және жеке тұлға болып табылатын ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша кепіл беруші ипотека тіркелген жердегі органда тіркелген ипотеканы өткізуді сот тәртібінен тыс жүргізуден жазбаша бас тартуды бермегені туралы хабарламадан туындайтын талаптар қанағаттандырылмаған жағдайда, бірақ көрсетілген хабарлама кепіл берушіге тапсырылған немесе жіберілген кезден күнтізбелік отыз күннен ерте емес (осы тармақтың 1-тармақшасы), сенім білдірген тұлға кепілге берілген мүлікке сауда-саттық өткізу туралы хабарлама жасап, оны ипотека тіркелген органда тіркейді, оны кепіл берушіге, сондай-ақ кепіл ұстаушыға тапсырады немесе кепіл шартында көрсетілген мекенжай бойынша тапсырыс хатпен жібереді және осы Заңның 28-бабына сәйкес сауда-саттық туралы ресми хабарландыру жариялайды;"

11. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 437-құжат; 1999 ж., № 8, 237-құжат; № 23, 925-құжат; 2001 ж., № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; 2002

ж., № 1, 1-құжат; № 23-24, 198-құжат; 2003 ж., № 1-2, 9-құжат; № 11, 56-құжат; № 15, 139-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 11, 39-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2 0 0 6 ж . , № 3 , 22-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 69-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 28, 30-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114, 123-құжаттар; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 140-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат) :

1) 1 - б а п т а :

31) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"31) инвестициялық декларация – инвестициялау объектілерінің тізбесін, зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттарын, стратегияларын, шарттарын және шектеулерін, зейнетақы активтерін хеджирлеу және әртараптандыру талаптарын анықтайтын құжат;"

48) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"48) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;"

2) 22-4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Агент уақтылы ұстамаған (есептемеген) және (немесе) аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының сомалары салымшы табысты нақты төлеген және алған жағдайда, оларды салық органдары өндіріп алады немесе оларды агенттер әрбір кешіктірілген күнге (Орталыққа төлейтін күнді қоса алғанда) уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен бірге міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының пайдасына аударуға жатады." ;

3) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақылық қағидалары және инвестициялық декларациялары

1. Жинақтаушы зейнетақы қорлары:

1) зейнетақы шарттарын өзгерту немесе тоқтату тәртібін;

2) зейнетақы жарналары мен төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын;

3) жинақтаушы зейнетақы қорларының алушылар мен салымшылар алдындағы міндеттемелері бойынша жауапкершілігін;

4) жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпарат беру тәртібін;

5) жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне аударудың шарттарын;

6) салымшыларға жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлері, зейнетақы

активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар және кастодиан-банк туралы мәліметтер беруді;

7) жинақтаушы зейнетақы қоры қалыптастыратын инвестициялық портфельдер туралы мәліметтерді;

8) жинақтаушы зейнетақы қорлары, салымшылар мен алушылар арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін қамтитын зейнетақы қағидаларын белгілейді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорлары әрбір қалыптастырылатын инвестициялық портфель бойынша инвестициялық декларациялар қабылдайды.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының әрбір инвестициялық портфель бойынша инвестициялық декларациялары, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар олар бекітілген күннен бастап күнтізбелік он бес күннің ішінде мерзімдік баспа басылымдарында жариялануға тиіс.

Инвестициялық декларациялар Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық қызметіне қатысты заңнамаларында белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс.

3. Зейнетақы қағидаларын және инвестициялық декларацияларды, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды акционерлердің жалпы жиналысы уәкілеттік берген жинақтаушы зейнетақы қорының органы бекітеді.

4. Зейнетақы қағидалары және инвестициялық декларациялар жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) мүдделеріне қысым жасамауға және нұқсан келтірмеуге тиіс.";

4) 31-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жинақтаушы зейнетақы қорлары Орталықтың жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аудару туралы хабарламасын орындамағаны, уақтылы орындамағаны үшін құқықтары бұзылған салымшының (алушының) пайдасына аударылуға жататын жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына әрбір кешіктірілген күн үшін (аудару күнін қоса алғанда) уәкілетті органның қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы төлемдерін уақтылы төлемегені үшін құқықтары бұзылған тұлғаның пайдасына әрбір кешіктірілген күн үшін (аудару күнін қоса алғанда) уәкілетті органның қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшеріндегі төлем сомасында өсімпұл төлеуге міндетті.

Орталық жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорына уақтылы аудармағаны үшін құқықтары бұзылған салымшының (алушының) пайдасына аударылуға жататын жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына әрбір кешіктірілген күн үшін (аудару күнін қоса алғанда) уәкілетті органның қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.";

13-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Уәкілетті орган келісім беруге негіз болған дәйексіз мәліметтер анықталған немесе өтініш берушінің ірі қатысушы мәртебесін иемденуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптары бұзылған немесе ірі қатысушылар осы Заңның талаптарын сақтамаған жағдайда келісімді кері қайтарып алуға негіз болып табылатын факті анықталған күннен бастап екі ай ішінде осы бапқа сәйкес берілген келісімнің күшін жою туралы шешім қабылдай отырып, оны кері қайтарып алуға құқылы. Бұл жағдайда осындай шара қолданылатын тұлға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның өзіне тиесілі акцияларының санын алты ай ішінде осы бапта белгіленгеннен төмен деңгейге дейін азайтуға міндетті.";

16-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акциялары санының жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым орналастырылған (артықшылықты және банк сатып алған акциялары шегеріле отырып) акцияларының санына пайыздық арақатынасы жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына тиесілі он пайыздан кем болатындай санға дейін өзгерген жағдайда уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының өтініші бойынша не көрсетілген фактіні дербес анықтаған жағдайда осы факті анықталған күннен бастап екі ай ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының мәртебесін иемденуге келісім беру үшін көзделген тәртіпте бұрын берілген жазбаша келісімнің күшін жою туралы шешім қабылдайды.";

б) 37-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қорларын мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда әділет органдары жүзеге асырады.";

7) 41-баптың 2-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) бұқаралық ақпарат құралдарында уәкілетті орган белгілеген тәртіпте және мерзімдерде қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті және уәкілетті орган белгілеген тәртіпте өзге де есептілік пен өз қызметі туралы ақпаратты жариялауға міндетті. Бұл ретте жинақтаушы зейнетақы қорларына жарналар бойынша табысқа кепілдіктер немесе уәделер бар ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен жариялауға тыйым салынған өзге де мәліметтерді жариялауға жол берілмейді";

8-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларын және (немесе) инвестициялық декларацияда көзделген ережелерін жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет) бұзуы;" ;

14 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

9) 42-7-баптың 1-тармағы 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның және оның ірі қатысушысы, ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлға арасында уәкілетті органның осы Заңда көзделген бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыруына кедергі келтіретін қатынастардың б о л у ы . " ;

10) 43-баптың 1-тармағындағы үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыру уәкілетті органның рұқсатымен акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша біріктіру нысанында жүзеге асырылады. Қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру талаптары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізу ерекшеліктерін мемлекеттің, "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қорының және (немесе) уәкілетті органның қатысуымен уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде а й қ ы н д а л а д ы .

Ерікті қайта ұйымдастыруды жүргізуге уәкілетті органның рұқсаты ол берілген күннен бастап тоғыз ай ішінде қолданылады.

Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат алу туралы өтінішхатқа мынадай құжаттар :

1) жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлері жалпы жиналысының оны қайта ұйымдастыру туралы шешімі ;

2) жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастырудың белгіленетін болжамды шарттары, тәртібі мен мерзімдері ;

3) жинақтаушы зейнетақы қорының оны қайта ұйымдастырғаннан кейінгі есептік балансын қоса алғанда, қайта ұйымдастыру салдарының қаржылық болжамы қоса б е р і л е д і .

Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат алу туралы өтінішхатты құжаттардың толық топтамасы табыс етілген күннен бастап екі ай ішінде қ а р а у ғ а тиіс . " ;

11) 45-1-баптың 1-тармағындағы бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті таратуға рұқсат алуы туралы өтінішін уәкілетті орган тиісті ресімделген құжаттарды алған күннен бастап екі ай ішінде

қ а р а у ғ а

т и і с . " ;

12) 45-2-баптың 7-тармағы:
мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тарату комиссиясы төрағасының және мүшесінің құқықтары мен міндеттері, оның ішінде сыйақыға құқығы, мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының істерін және мүлкін басқару жөніндегі өкілеттіктердің көлемі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен және кредиторлар комитетінің олармен заңнамада белгіленген талаптарды ескере отырып, жасайтын келісімімен реттеледі.";

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін өткізуді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте оның тарату комиссиясы жүргізеді." ;

13) 45-3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда, тарату комиссиясының төрағасы, бөлімше басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады." ;

14) 49-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жинақтаушы зейнетақы қорлары бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте уәкілетті органға жеке қаражаты және зейнетақы активтері бойынша қаржылық есептілікті және бастапқы статистикалық мәліметтерді жеке-жеке береді." .

12. "Ақша төлемі мен аударымы туралы" 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 11-12, 177-құжат; № 24, 445-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат ; № 10, 49, 51-құжаттар; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат, 2011 ж., № 13, 116-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат) :

1) 6 - б а п т а :

1-1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) клиентіне "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 581-бабының 13) тармақшасында көзделген негіздер бойынша және жағдайларда жаңа банк шотына ашуға" ;

2-1-тармақтың екінші бөлігінде:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) клиентке ақшаны (салымды) банк салымы шартында және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шарттармен, оның ішінде оны клиенттің басқа банк шотына аудару жолымен қайтаруға;" ;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша үшінші тұлғалардың клиенттің ақшасын алуы туралы өкімін орындауға байланысты операцияларды орындау үшін банктің клиентке ашатын банк шоты";

2) 13-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктер ақша жөнелтушінің акцептін талап етпейтін төлемдік талап-тапсырманы жасалған банктік қарыз шартына, кредиттік желі ашу туралы келісімге немесе қарыз операциясының не кепілдік берудің фактісін растайтын өзге де құжатқа сәйкес қарыз алушының банк қарызы бойынша мерзімі өткен берешегі болған жағдайда, берешекті қарыз алушыдан, кепілгерден өндіріп алу үшін қолданады және ақша жөнелтушінің өзінің банк шотынан акцептсіз ақшаны алып қоюға келісімі бар құжаттар қоса тіркеліп, ол ақшаны жөнелтуші банкке ұсынылады.";

3) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Инкассалық өкім берілген кезде пайдаланылатын құжаттар Ақша жөнелтушінің келісімінсіз ақшаны алып қоюға берілген инкассалық өкім соттың шешімдері, үкімдері, ұйғарымдары және қаулылары немесе ақшаны өндіріп алу туралы сот бұйрығы бойынша берілетін атқару құжаттары немесе бұйрықтары негізінде беріледі.";

4) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Аударым жасау кезінде ақшаны қайтару

1. Аударым жасау кезінде ақшаны қайтару:

1) ақша аудару жолымен жүзеге асырылатын төлемнің санкцияланбау фактісі анықталған;

2) ақша жалған төлем құжаты негізінде аударылған;

3) қате берілген нұсқау орындалған жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Бенефициардың банкі қате нұсқау бойынша ақшаны қайтаруды бенефициардың ақша қате салынған банк шотынан ақшаны акцептеусіз алу жолымен жүзеге асырады.

3. Бенефициардың банкі қате нұсқау бойынша ақшаны қайтаруды бенефициардың банк шотындағы ақша есебінен, оның ішінде банк шоты бойынша уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның банк шотындағы ақшаға тыйым салу және (немесе) банк шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі және (немесе) белгіленбеген мерзімде орындалуға жататын орындалмаған нұсқаулар болған жағдайда жүзеге асырады.

4. Бенефициардың банк шотында ақша жеткіліксіз не болмаған жағдайда қате нұсқау бойынша ақшаны қате нұсқауға жол берген жөнелтуші Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте және мерзімдерде өз ақшасы есебінен қайтарады.

5. Ақша санкцияланбаған немесе қате нұсқау орындалған күннен бастап үш жыл

өткеннен

кейін

қайтарылмайды.

6. Ақшаны қайтарған кезде ақша аударуға қатысқан әрбір жөнелтушінің (оның ішінде делдал банктің) осындай ақша аударымына байланысты және ақшаны қайтару нәтижесінде шеккен нақты шығындарды өндіріп алуға құқығы бар."

5) 38-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қайта құрылымдау жоспарында көзделген шаралар кешенін жүзеге асыруға байланысты банкті қайта құрылымдау кезеңінде алушы банк қайта құрылымдау тоқтатылғанға дейін банк тоқтатқан және қайта құрылымдау жоспарында міндеттемелер бар нұсқауларды қабылдауға және сақтауға міндетті.

Олар бойынша тоқтатылмаған және қайта құрылымдау жоспарына кірмеген міндеттемелер бар нұсқаулар осы Заңда, Қазақстан Республикасының Салық және Азаматтық кодекстерінде белгіленген тәртіпте орындалады."

13. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 15, 209-құжат; 1999 ж., № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 5, 116-құжат; 2001 ж., № 13-14, 172-құжат; № 17-18, 241-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; 2007 ж., № 17, 140-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 122, 126-құжаттар; 2010 ж., № 24, 148-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 54-құжат; 2012 ж., № 4, 30, 32-құжаттар) :

3-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері." ; "

14. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1 (2578), 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2 , 15 - құжат) :

18-1-баптың бірінші тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қаржы ұйымының аудиторлық есебін жасау және оны қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға беру мерзімдері қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады." .

15. "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан

Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 773-құжат; 2001 ж., № 13-14, 170-құжат; 2003 ж., № 4, 24-құжат; № 18, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 61-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 17, 140-құжат; № 19, 147-құжат; 2009 ж., № 24, 122, 126-құжаттар; 2010 ж., № 24, 148-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 20, 158-құжат; 2012 ж., № 5, 36-құжат):

1) 4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мыналар мемлекеттік қызметшілерге жатпайды:

1) техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдар. Мұндай адамдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;

2) мемлекеттік саяси қызметшілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері.";

2) 21-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жалақысы республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржылары есебінен төленеді."

16. "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 379-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; 2007 ж., № 12, 86-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., 2012 жылғы 28 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 27 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

8-баптың 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мүдделі тұлғалардың жоғары тұрған мемлекеттік органға немесе сотқа құқықтық актінің күшін жою, өзгерту немесе қолданылуын тоқтата тұру туралы арыз беруі (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру және (немесе) одан айыру, қаржы ұйымдарын консервациялауды жүргізу жөніндегі актілерін, сондай-ақ оның жазбаша нұсқамаларын қоспағанда) тиісті шешім қабылданғанға дейін құқықтық актінің қолданылуын тоқтата тұрады."

17. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 22, 406-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; 2005 ж., № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-

құжат; № 4, 25-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; № 8, 52-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат):

1) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар

1. Осы Заң сақтандыруды кәсіпкерлік қызмет түрі ретінде жүзеге асырудың негізгі ережелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, сақтандыру брокерлерін құру, лицензиялау, реттеу, олардың қызметін тоқтату ерекшеліктерін, өзге де жеке және заңды тұлғалардың сақтандыру нарығындағы қызметтерінің талаптарын, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу міндеттерін және сақтандыру қызметін бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету қағидаттарын белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – уәкілетті орган) осы Заңға сәйкес қабылдайтын нормативтік құқықтық актілері сақтандыру нарығының барлық қатысушылары үшін міндетті болады.";

2) 26 - бапта :

13-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Уәкілетті орган келісім беруге негіз болған дәйексіз мәліметтер анықталған немесе өтініш берушінің ірі қатысушы немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптары бұзылған немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушылары немесе сақтандыру холдингі осы Заңның талаптарын сақтамаған жағдайда келісімді кері қайтарып алуға негіз болып табылатын факті анықталған күннен бастап екі ай ішінде осы бапқа сәйкес берілген келісімнің күшін жою туралы шешім қабылдай отырып, оны кері қайтарып алуға құқылы. Бұл жағдайда осындай шара қолданылатын тұлға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акцияларының өзіне тиесілі санын алты ай ішінде осы бапта белгіленгеннен төмен деңгейге дейін азайтуға міндетті.";

18-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына, сақтандыру холдингіне тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акциялары санының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) акцияларының санына және (немесе) дауыс беретін акцияларының санына пайыздық арақатынасы он немесе жиырма бес пайыздан кем болатындай санға дейін өзгерген жағдайда, уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, сақтандыру холдингінің өтініші бойынша не көрсетілген фактіні өз бетінше анықтаған жағдайда осы факт анықталған күннен бастап бір ай ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі

мәртебесін иеленуге келісім беру үшін көзделген тәртіпте бұрын берілген жазбаша келісімнің күшін жою туралы шешім қабылдайды.";

3) 30-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әділет органдары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мемлекеттік тіркеуді уәкілетті органның оны құруға берген рұқсаты болған жағдайда жүзеге асырады.";

4) 31-бап алып тасталсын;

5) 32-бапта:

6-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) өтініш берген күнге және құжаттарды қарау кезеңінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) сақтандыру холдингіне және (немесе) сатып алу болжанып отырған еншілес ұйымға қатысты уәкілетті органның қолданылып жүрген шектеулі ықпал етудің шарасының және (немесе) санкциясының болуы;"

13-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымның капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсат кері қайтарып алынған кезде уәкілетті орган рұқсатты кері қайтарып алуға негіз болып табылатын факті анықталған күннен бастап екі ай ішінде бұрын берілген рұқсаттың күшін жою туралы шешім қабылдайды.";

6) 37-баптың 1-тармағының 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) барлық ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларын, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сай келетін бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша іс-шараларды орындағаны туралы куәландыратын құжаттарды;"

7) 8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Уәкілетті орган және сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу, бақылау мен қадағалау";

8) 41-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сақтандыру нарығын реттеу, сақтандыру қызметін бақылау мен қадағалау;"

9) 42-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"42-бап. Уәкілетті орган

Сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес уәкілетті орган жүзеге асырады. Уәкілетті органның құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен айқындалады.";

10) 43-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сақтандыру нарығын реттеу қағидаттары мен әдістерін, сақтандыру қызметін бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру тәртібін белгілейді;"

11) 46-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және шоғырландырылған негізде қадағалау жүзеге асырылатын тұлғалардың төлем қабілеттілігін және қаржылық

тұрақтылығын бақылау мен қадағалау уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтердің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің орындалуын немесе сақталуын бақылау мен қадағалау арқылы жүргізіледі.";

12) 53-2-баптың 8-тармағы алып тасталсын;

13) 67-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат алу туралы өтінішті уәкілетті орган барлық қажетті құжаттар түскен күннен бастап екі ай ішінде қ а р а у ғ а т и і с . " ;

14) 70 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тарату комиссиясы төрағасының және мүшесінің құқықтары мен міндеттері, оның ішінде сыйақыға құқығы, мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істері мен мүлкін басқару жөніндегі өкілеттіктердің көлемі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен және кредиторлар комитетінің олармен заңнамада белгіленген талаптарды ескере отырып жасалатын келісімінде реттеледі.";

4-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін өткізуді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте оның тарату к о м и с с и я с ы жү р г і з е д і . " ;

15) 73-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда тарату комиссиясының төрағасы, бөлімше басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына с ә й к е с жауапты болады." ;

16) 74 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шоғырландырылған негіздегі қаржылық және өзге де есептілікті қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокерінің қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесін, нысандарын не нысандарына қойылатын талаптарды, оларды беру мерзімдері мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.";

2 - 1 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н .

18. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 9, 85-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 83-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 15, 85-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 11, 37-құжат; № 23, 105-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 7, 29-құжат; 2011 ж., № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат):

1) 19-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Даму Банкі бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы

заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жүзеге асырады." ;

2) мынадай мазмұндағы 28-баппен толықтырылсын:
"28-бап. Шектеулі ықпал ету шаралары

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының бұзылғанын анықтаған жағдайда, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Даму Банкіне мынадай шектеулі ықпал ету шараларының бірін:

- 1) анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімдерде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша нұсқама беруді;
- 2) міндеттеме-хат талап етуді;
- 3) Даму Банкімен жазбаша келісім жасауды қолданады.

Даму Банкі жазбаша нұсқаманың, міндеттеме-хаттың немесе жазбаша келісімнің оларда белгіленген мерзімде орындалғаны туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды хабардар етуге міндетті."

19. "Кредиттік серіктестіктер туралы" 2003 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 5, 32-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат):

20-1-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген шекті мөлшерден аспауға тиіс."

20. "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 10, 55-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; ; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 4, 28, 33-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 4, 30-құжат):

1) 1 - бапта:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) корпоративтік веб-сайт – интернет-ресурстағы қоғамға тиесілі және уәкілетті орган белгілеген талаптарға сай келетін ресми электронды сайт. Жария компаниялар үшін корпоративтік веб-сайттың болуы міндетті;"

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;"

2) 4-1-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қоғамнан жария компанияның мәртебесін кері қайтарып алған кезде уәкілетті орган жария компанияның мәртебесін кері қайтарып алуға негіз болып табылатын факті анықталған немесе қоғам жария компанияның мәртебесін кері қайтарып алу жөніндегі өтінішті берген күннен бастап екі ай ішінде қоғамды жария компания деп тану туралы шешімнің күшін жою туралы шешім қабылдайды.";

3) 5-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметін, жергілікті атқарушы органдарды, сондай-ақ уәкілетті органды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен мемлекеттік мекемелер қоғамның құрылтайшылары немесе акционерлері бола алмайды.";

4) 22-баптың 6-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде олар төленбеген жағдайда, акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі уәкілетті органның ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.";

5) 23-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер қоғамның жарғысында осындай төлем көзделген болса, қоғамның жай акциялары бойынша тоқсан немесе жартыжылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу тек тиісті кезеңде қоғамның қаржылық есептілігіне аудит өткізілгеннен кейін және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен ғана жүзеге асырылады. Жай акциялар бойынша тоқсан немесе жартыжылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу туралы жалпы жиналыстың шешімінде бір жай акцияға төленетін дивиденд мөлшері көрсетіледі.";

6) 68-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) нәтижесінде құны қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызы болатын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;"

7) 75-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында белгіленеді.";

8) 76-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіпте және мерзімдерде

бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын жариялауға міндетті."

21. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 11, 63-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23 - құжат; № 17-18, 112 - құжат):

1) 1-баптың 20) тармақшасы алып тасталсын;

2) 3-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының (бұдан әрі – Қор) қызметін мемлекеттік реттеу мен бақылауды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады.";

3) 5-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қордың банк шоттары уәкілетті органда ашылады. Қордың ағымдағы қаржылық-шаруашылық және инвестициялық қызметті жүзеге асыруы үшін Қордың банк шоттары екінші деңгейдегі банктерде ашылуы мүмкін.";

4) 12-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы Заңның 8-бабы 2-тармағының 1) және 1-1) тармақшаларында көзделген функцияларды жүзеге асыру үшін Қор уәкілетті органнан, Қазақстан Республикасының Үкіметінен, өзге де ұйымдардан заемдар тартуға не уәкілетті органның қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерлеме бойынша олардың кепілдік беруімен қарыз алуға құқылы. Қарыздар қатысушы-сақтандыру ұйымдарының төтенше жарналары есебінен өтелуге тиіс."

22. "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71 - құжат):

8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушы өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігін, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған қаржылық есептілігін және аудиторлық есебін уәкілетті орган белгілеген тәртіпте және мерзімдерде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын кемінде екі мерзімді баспа басылымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде жыл сайын жариялауға міндетті."

23. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 17,

81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 25-құжат);
8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушы өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігін, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған қаржылық есептілігін және аудиторлық есебін уәкілетті орган белгілеген тәртіпте және мерзімдерде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын кемінде екі мерзімді баспа басылымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде жыл сайын жариялауға міндетті."

24. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-құжат; 2004 ж., № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат, № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 125-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар):

1) кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң эмиссиялық бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының шығарылуы, орналастырылуы, айналыста болуы және өтелуі процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің құрылуы мен қызметінің ерекшеліктерін реттейді, бағалы қағаздар нарығының қауіпсіз, ашық түрде және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, инвесторлар мен бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтарын, бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының адал бәсекесін қорғау мақсатында бағалы қағаздар нарығын реттеудің, бақылаудың және қадағалаудың тәртібін белгілейді.";

2) 1-баптың 88) тармақшасы алып тасталсын;

3) 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады.";

2-тармақтың 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"19) өз құзыреті шегінде эмитенттердің, орталық депозитарийдің және лицензиаттардың қызметін бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады, олардың қызметіне тексеру жүргізеді;"

4) 3-1-баптың 9-тармағы алып тасталсын;

5) 3 1 - б а п т а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеуді жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірісті және облигациялардың нақты құнын өтеу кезінде эмитенттің кінәсінен олар төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда, эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға негізгі міндеттеме сомасын және әрбір мерзімі өткен күн үшін ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі уәкілетті органның ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып, есептелетін өсімпұл төлеуге міндетті.";

6) 32-6-баптың 13-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Ислам арнайы қаржы компаниясының бухгалтерлік есепті жүзеге асыру және қаржылық есептілікті жасау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.";

7) 52-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілері уәкілетті органға мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган бекіткен статистикалық әдіснамаға сәйкес алғашқы статистикалық деректерді беруге міндетті.";

8) 92-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"92-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның құқықтық жағдайы Өзін-өзі реттейтін ұйымның атауы осы ұйым мүшелерінің негізгі қызметінің түрін көрсетуге, сондай-ақ онда "Қауымдастық", "Одақ" немесе "Бірлестік" деген сөздер болуға тиіс.";

9) 107-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"107-бап. Уәкілетті органның ақпарат алу құқығы Уәкілетті органға жүктелген функцияларды сапалы және уақтылы орындауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ақша-кредит статистикасын қалыптастыру, экономикалық ахуалды талдау мақсатында ол өз құзыреті шеңберінде эмитенттен, лицензиаттан және өзін-өзі реттейтін ұйымнан қажетті (оның ішінде бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын) ақпаратты алуға құқылы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, алынған мәліметтер жариялануға жатпайды.

Осы Заңда белгіленген жарияланған акциялар шығарылымын тіркеу мерзімдерінің сақталуын бақылау мақсатында әділет органдары уәкілетті органға оның сұрау салуы бойынша акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында тіркелген заңды тұлғалары туралы ақпаратты береді."

25. "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау

туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 132-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат, № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 24, 196-құжат)

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау туралы";

2) кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің тұрақтылығын арттыруға, сондай-ақ қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу үшін жағдайлар жасауға бағытталған.";

3) 1-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

4) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді де, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады." ;

5) 3 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеудің, бақылаудың және қадағалаудың мақсаттары, қағидаттары мен міндеттері";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеудің, бақылаудың және қадағалаудың мақсаттары:" ;

2) тармақша алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеудің, бақылаудың және

қадағалаудың

қағида ттары :

- 1) реттеудің ресурстарын және құралдарын тиімді пайдалану;
- 2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдары қызметінің шынайылығы;
- 3) қаржы ұйымының жауаптылығы."

3 - тармақта :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеудің, бақылаудың және қадағалаудың міндеттері:"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:/

"4) қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін, сондай-ақ тұтынушылар үшін қаржы ұйымдарының қызметі және олар көрсететін қаржылық қызметтер туралы ақпараттың толықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады:"

6) 7-бап алып тасталсын;

7) 8-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қаржы ұйымдарының қызметін реттеу, бақылау мен қадағалау стандарттарының және әдістерінің деңгейін арттыру, олар қабылдаған міндеттемелердің уақтылы әрі толық орындалуын қамтамасыз ету шараларын пайдалану болып табылады."

8) 9 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Қаржы ұйымдарының қызметін реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның функциялары және өкілеттіктері"

1 - тармақта :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті орган қаржы ұйымдарының қызметін реттеу, бақылау мен қадағалау мақсатында:"

7) тармақша алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті орган осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген өкілеттіктерден басқа, осы Заңның 10-13-баптарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау бойынша өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады."

9) 9 - 1 - бапта :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті орган бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органның өз қызметкерлері қатарынан тағайындалатын өзінің өкілін банктерге, жинақтаушы зейнетақы қорларына, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жібереді."

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өкілдің негізгі міндеті уәкілетті органның бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету болып табылады.";

9-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өкіл өзінің бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру барысында алған қызметтік, коммерциялық, банктік құпияны, жинақталған зейнетақы қаражатының құпиясын, сақтандыру немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді, оның ішінде уәкілетті органдағы жұмысын тоқтатқаннан кейінгі үш жыл ішінде жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.";

10) 10 - бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Банк қызметін реттеудің, бақылаудың және қадағалаудың ерекшеліктері";

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган банк қызметін реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру мақсатында:";

11) 11 - бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Сақтандыру қызметін реттеудің, бақылаудың және қадағалаудың ерекшеліктері";

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган сақтандыру қызметін реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру мақсатында:";

12) 12 - бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін реттеудің, бақылаудың және қадағалаудың ерекшеліктері";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру мақсатында:";

14-1) тармақша алып тасталсын;

13) 13 - бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеудің, бақылаудың және қадағалаудың ерекшеліктері";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру мақсатында:";

5) тармақша алып тасталсын;

- 14) 13-1-бап алып тасталсын;
15) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"14-бап. Ақпарат алу бойынша өкілеттіктер

Уәкілетті органға жүктелген қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау функцияларын сапалы және уақтылы орындауды қамтамасыз ету, осы Заңның талаптарын іске асыру мақсатында уәкілетті орган жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдардан өзінің қадағалау функцияларын жүзеге асыруға қажетті ақпаратты өтеусіз алуға құқылы, бұл ретте алынған мәліметтер жария етуге жатпайды.

Уәкілетті органның қызметкерлері өздерінің бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру барысында алынған қызметтік, коммерциялық, банктік немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жариялағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.";

- 16) 15-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

- 17) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнаманың бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады."

26. "Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 179-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2011 ж., № 12, 111-құжат) :

- 7-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушы өзінің қаржылық есептілігін Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын кемінде екі мерзімді баспасөз басылымында қазақ тілінде және орыс тілінде, уәкілетті органның жылдық қаржылық есептілікті жариялау тәртібі туралы нормативтік құқықтық актісінде көзделген көлемде және мерзімдерде жыл сайын жариялап отыруға міндетті."

27. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 5, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 16, 100-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат):

12-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Агентке өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган мен агент арасында жасалатын шарт негізінде өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган беретін қаражатты басқаруды жүзеге асыру үшін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органда ағымдағы шот ашылады.

Уақытша бос қаражат қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдағы ағымдағы шоттан қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдағы депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылуы мүмкін.

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдағы ағымдағы шоттың кіріс бөлігі өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган шарт негізінде беретін бюджет қаражатының және уақытша бос қаражатты қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдағы депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырудан түсетін кірістердің есебінен құралады.

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдағы ағымдағы шоттың шығыс бөлігі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдағы депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыру сомаларын, сақтандырушыларға және қоғамдарға төленетін сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеуге жұмсалатын шығыстарды қамтиды.

Қаржы жылының аяғында қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдағы ағымдағы шотта қалған қаражаттың қалдығы өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға және тиісінше бюджетке қайтаруға жатпайды."

28. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 87-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 18, 143-құжат; № 19, 149-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат):

6-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттің қатысуы бар кредиттік бюро акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беруші акцияларының жетпіс бес немесе одан астам пайызы уәкілетті органға тиесілі жалғыз мамандандырылған коммерциялық емес ұйым болып табылады."

29. "Инвестициялық қорлар туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан

Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 16, 90-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 33-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 24, 196-құжат) :

1) 1-баптың 20) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"20) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.";

2) 38-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"38-бап. Бухгалтерлік есеп және инвестициялық қор активтерінің құнын айқындау

1. Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есептік құнын және акционерлік инвестициялық қор акциясын сатып алу бағасын айқындау уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптармен, әдістеме бойынша және тәртіпте жүзеге асырылады.

2. Инвестициялық қор активтерінің құнын айқындау Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргізіледі.

3. Уәкілетті орган инвестициялық қор активтерінің, оның таза активтерінің құнын, пайдың есептік құнын, пайды кейіннен орналастыру немесе сатып алу бағасын, акционерлік инвестициялық қордың акциясын сатып алу бағасын бағалау әдістері дұрыс қолданылмаған немесе олардың құны дұрыс есептелмеген жағдайда, басқарушы компанияларға орындалуы міндетті нұсқаулар беруге құқылы.

4. Инвестициялық қор активтерінің бухгалтерлік есебін жүзеге асыру және олар бойынша қаржылық есептілікті жасау тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.";

3) 42-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық пай қоры активтерінің бухгалтерлік есебін бөлек жүргізуді және олар бойынша қаржылық және өзге де есептілікті беруді жүзеге асыруға;".

30. "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 11, 38-құжат; 2007ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2012 ж., № 1, 6-құжат) :

6-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі уәкілетті ұйымдарды құру тәртібін, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметтерге талаптарды қоса, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ айырбастау пункттерін тіркеу (ашу) тәртібін белгілейді. Айырбастау пунктін тіркеу кезінде белгіленген үлгідегі құжат – айырбастау пунктін тіркеу куәлігі беріледі. Уәкілетті

ұйымдар үшін құрылтайшылардың құрамына, ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына, жарғылық капитал мөлшеріне және оны қалыптастыру тәртібіне қойылатын талаптар, бөлімшелер құру және басқа заңды тұлғаларға қатысу бойынша шектеулер қ о с ы м ш а б е л г і л е н е д і . "

31. "Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы" 2006 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 4, 23-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2012 ж., № 2 1 4 - қ ұ ж а т) :

1) 1-баптың 20) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"20) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.";

2) 6-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

3) 13-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Арнайы қаржы компаниясының бухгалтерлік есепті жүзеге асыру және қаржылық есептілікті жасау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен б е л г і л е н е д і . "

4) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

1. Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа ә к е п с о қ т ы р а д ы .

2. Уәкілетті орган реттелуі өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының бұзылғанын анықтаған жағдайларда, уәкілетті орган арнайы қаржы компаниясына мынадай шектеулі ықпал ету шараларының бірін қолданады:

1) анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімдерде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша ұйғарым береді;

2) міндеттеме-хат талап етеді;

3) арнайы қаржы компаниясымен жазбаша келісім жасайды.

3. Арнайы қаржы компаниясының міндеттеме-хатында орын алған кемшіліктерді мойындау фактісі және арнайы қаржы компаниясы басшысының жоспарланған іс-шаралар тізбесін көрсете отырып, оларды қатаң белгіленген мерзімде жою бойынша к е п і л д і г і б о л у ы т и і с .

4. Жазбаша келісім – арнайы қаржы компаниясы мен уәкілетті орган арасындағы анықталған кемшіліктерді тез арада жою қажеттігі туралы және оған байланысты бірінші кезектегі шараларды бекіту туралы келісім.

5. Жазбаша нұсқама – анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоюға бағытталған орындалуы міндетті түзету шараларын қабылдау туралы арнайы қаржы компаниясына берілген нұсқау.

Уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына сотта шағым жасау оның орындалуын
т о қ т а т п а й д ы .

6. Арнайы қаржы компаниясы жазбаша нұсқаманың, міндеттеме-хаттың немесе жазбаша келісімнің оларда белгіленген мерзімдерде орындалғаны туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

7. Шектеулі ықпал ету шараларын қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді."

32. "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" 2006 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, маусым, 2006 ж., № 10, 51-құжат; 2007 ж., № 17, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-қ ұ ж а т) :

1) 1-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;

2) 3-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы орталығын құрудың мақсаттары бағалы қағаздар нарығын дамыту, оны капиталдың халықаралық нарықтарымен кіріктіруді қамтамасыз ету, бағалы қағаздар нарығы арқылы Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тарту және қаржы орталығының арнайы сауда орталығына шетелдік эмитенттердің қол жеткізуін қамтамасыз ету.";

3) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – уәкілетті орган) қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.";

4) 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) халықтың инвестициялық мәдениеті мен қаржылық сауаттылығының деңгейін көтеру болып табылады.";

2 - т а р м а қ т а :

1 - 1) тармақша алып тасталсын;

3) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қаржы орталығы қатысушыларының Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылау;"

5) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Уәкілетті органның өкілеттіктері

Өз міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында уәкілетті органның мынадай өкілеттіктері болады:

1) қаржы орталығының қатысушысын – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті беру;

2) заңды тұлғаларды - қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қ а й т а т і р к е у) е р е ж е с і н б е к і т у ;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда қаржы орталығының атынан әрекет ету;

4) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

5) бағалы қағаздары қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізіміне енгізілетіні көзделген немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р д ы б е л г і л е у ;

6) рейтингтік бағаларын уәкілетті орган танитын рейтингтік агенттіктерге қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р д ы б е л г і л е у ж әне о л а р д ы ң т і з б е с і н б е к і т у ;

7) қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберу үшін бағалы қағаздар мен олардың эмитенттерінің рейтингтік бағаларына қойылатын талаптарды белгілеу;

8) қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберілген бағалы қағаздар эмитенттерінің қаржылық есептілігі аудитіне жұмсалған шығындарды өтеудің тәртібін б е л г і л е у ;

9) қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберілген бағалы қағаздар эмитенттерінің қаржылық есептілік аудитіне жұмсалған шығындарды өтеу;

10) қаржы құралдарын қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберу үшін аудиторлық қызмет саласындағы реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметін бақылау саласында реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын б е к і т у ;

11) уәкілетті орган танитын қор биржаларына қойылатын талаптарды белгілеу және о л а р д ы ң т і з б е с і н б е к і т у ;

12) қаржы орталығымен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша шетелдік мемлекеттердің қор биржаларымен келісімдер жасау;

13) қаржы орталығы қатысушыларының Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтауына тексеру жүргізу;

14) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктері.";

6) 7 - б а п а л ы п т а с т а л с ы н ;

7) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Қаржы орталығын дамыту жөніндегі кеңес

1. Қаржы орталығын дамыту жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады және уәкілетті органның ж а н ы н а н қ ұ р ы л а д ы .

2. Қаржы орталығының қызметіне қатысты мәселелерде жәрдемдесу және даму бағыттарын айқындау Кеңестің негізгі міндеттері болып табылады.

3. Кеңестің функциялары:

1) қаржы орталығын және бағалы қағаздар нарығын дамыту үшін қолайлы

экономикалық және құқықтық жағдайлар жасау бойынша ұсынымдар әзірлеу;

2) қаржы орталығын дамытудың негізгі бағыттарын әзірлеу;

3) қаржы орталығының қызметін ұйымдастыру және оның жұмыс істеу мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау болып табылады.

4. Кеңес туралы ереже және оның құрамы уәкілетті органның құқықтық актісімен бекітіледі. " ;

8) 11 және 12-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Қаржы орталығының қатысушылары

1. Мыналар қаржы орталығының қатысушылары болып табылады:

1) уәкілетті орган берген қаржы орталығының қатысушысы – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке;

2) уәкілетті орган берген брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары.

2. Мыналар қаржы орталығының қатысушылары болып табылмайды:

1) банктер ;

2) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары;

3) жинақтаушы зейнетақы қорлары.

3. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленетін бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің түрлерін қоса атқарудың талаптары мен тәртібін ескере отырып, қаржы орталығының қатысушылары қызметтердің өзге де түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

4. Қаржы орталығының қатысушылары:

1) қаржы орталығының арнайы сауда алаңында;

2) қор биржаларында, оның ішінде шетелдік қор биржаларында;

3) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға құқылы.

5. Қаржы орталығының қатысушысы – заңды тұлға атқарушы органының Алматы қаласының аумағында орналасуы уәкілетті органның оны мемлекеттік тіркеуінің міндетті талабы болып табылады.

12-бап. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңы

1. Алматы қаласының аумағында жұмыс істейтін және уәкілетті орган белгілейтін қор биржасының қаржы орталығының қатысушылары қаржы құралдарымен сауда-саттықты жүзеге асыратын сауда алаңы қаржы орталығының арнайы сауда алаңы болып табылады.

Осы Заңның 11-бабының 2-тармағында көрсетілген, уәкілетті орган берген брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие тұлғалар қаржы орталығының арнайы сауда алаңында қаржы құралдарымен сауда-саттықты жүзеге асыра алады.

2. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қаржы орталығының арнайы сауда алаңына қатысты қабылдайтын ережесі уәкілетті органмен келісілуге тиіс.";

9) 15-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы орталығының қатысушылары құжаттаманы мемлекеттік органдарға беруі қажет болған жағдайда ағылшын тілінен мемлекеттік тілге және орыс тіліне аударуды уәкілетті орган жүзеге асырады."

33. "Өзара сақтандыру туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 13, 84-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Уәкілетті органның қоғамға қатысты құзыреті

Уәкілетті орган:

1) қоғамдардың тізілімін жүргізеді;

2) қоғамдардың қаржылық есептілігін қоспағанда, есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсынылу мерзімдері мен тәртібін белгілейді;

3) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жазалау шараларын қолданады;

4) қоғамның активтерін инвестициялаудың тәртібі мен көлемін белгілейді;

5) қоғамдардың қаржылық есептілігінің тізбесін, нысандарын және оның ұсынылу мерзімдерін белгілейді;

6) қоғамдардың бастапқы статистикалық деректерінің тізбесін, нысандарын және оларды ұсыну мерзімдерін айқындайды;

7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады."

34. "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 14, 90-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; 2011 ж., № 24, 196-құжат):

1) 1-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.";

2) 4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті орган депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның құрылтайшысы – жалғыз акционері болып табылады.";

3) 7-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;

4) 8-бап алып тасталсын;

5) 9-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Осы Заңда көзделген жағдайда депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым уәкілетті органнан қарыз алуға құқылы.

4. Уәкілетті орган депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның қаржылық есептілігінің көлемін, оны ұсыну тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ оның активтерін инвестициялау тәртібін айқындайды.";

6) 23-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Депозиторларға кепілдік берілген өтемді төлей бастау уәкілетті органмен келісім бойынша қарыз алу үшін қажетті мерзімге, бірақ қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап күнтізбелік қырық бес күннен аспайтын мерзімге ұзартылады."

35. "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21, 26-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 25-құжат):

1) 6 - б а п т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бекітетін біліктілік талаптарын, сондай-ақ ойын бизнесі саласындағы қызмет түрлеріне біліктілік талаптарын қоспағанда, біліктілік талаптарын бекіту;"

5) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бекітетін өтініш нысанын қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініш нысанын бекіту;"

2) 10-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның 32-бабында көзделген қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялардың нысандарын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді."

3) 42 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензия берген кезде құжаттар тізбесіне

қойылатын қосымша талаптарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган да белгілей алады." ;

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензиялар берудің, беруден бас тартудың, оның қолданылуын тоқтата тұрудың, тоқтатудың тәртібі мен талаптарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді." ;

4) 45-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысуға лицензиялар беруден бас тарту үшін қосымша талаптарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сондай-ақ қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілей алады." .

36. "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 4, 32-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат, № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат) :

1) 6-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) синтетикалық (қорытынды) есепке алуды талдамалық (егжей-тегжейлі) есепке алумен сәйкес келтіру қамтамасыз етілуге тиіс." ;

2) 7-баптың 3-тармағының бірінші бөлігінің 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын :

"7) салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бар болса – бизнес-сәйкестендіру нөмірі не жеке сәйкестендіру нөмірі)." ;

3) 8 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды, оның ішінде бухгалтерлік есепте ұйым жүргізетін барлық операцияларды көрсету тәртібін реттейтін бекітілген ішкі құжаттардың болуын қамтамасыз етеді;" ;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшалары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ведомстволарына қолданылмайды." ;

4) 2 0 - б а п т а :

2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен және оның ведомстволарынан

басқа, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін мемлекеттік реттеу ерекшеліктерін уәкілетті орган мемлекеттік мекемелер үшін Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінде белгілейді.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі (Директорат) жүзеге асырады.

4. Қаржы ұйымдарында, Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компанияларында, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасына сәйкес құрылған ислам арнайы қаржы компанияларында, инвестициялық қорларда және Қазақстанның Даму Банкінде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нормативтік құқықтық актілерді және оларға әдістемелік ұсынымдарды қабылдау арқылы жүзеге асырады.";

б - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) инвестициялық қорлар және Қазақстанның Даму Банкі үшін осы Заңның талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарларын әзірлейді және бекітеді;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, ислам арнайы қаржы компанияларының, инвестициялық қорлардың және Қазақстанның Даму Банкінің Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарын және халықаралық стандарттарды сақтауын бақылауды жүзеге асырады." ;

5) 20-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тексеру "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге нысандары осы Заңға және өзге де заңдарға сәйкес жүзеге асырылады."

37. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17, 78, 82-құжаттар; № 24, 129, 133-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 17-18, 108-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 4, 37-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161, 171-құжаттар; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 22-құжат; № 6, 43-құжат)

:

1) 1-баптың 32) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"32) тапсырыс берушілер – ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық басқарушы компанияларды, ұлттық компанияларды және олармен үлестес заңды тұлғаларды, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, оның ведомстволарын және оларға қатысты құрылтайшы (уәкілетті орган) не акционер болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;" ;

2) 4-баптың 1-тармағында:

18) тармақша алып тасталсын;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, қызметтері қайырымдылық және халықаралық сипаттағы шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтемсіз негізде ұсынатын грант ақшаларын, сондай-ақ оларды беру туралы келісімдерде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың өзге рәсімдері көзделген жағдайларда осы гранттарды бірлесіп қаржыландыруға бөлінген ақшаны пайдалануға байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу ; " ;

32) тармақша алып тасталсын;

3) 5-бапта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 3), 28) және 33-1) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына енгізілуге жатпайды." ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 3), 28) және 33-1) тармақшаларына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қоспағанда, жылдық мемлекеттік сатып алудың бекітілген жоспарында (жылдық мемлекеттік сатып алудың нақтыланған жоспарында) көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол берілмейді." ;

4) 7-бапта:

4, 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өзі мемлекеттік басқару органы болып табылатын өзінің ведомстволық бағынысындағы мемлекеттік мекеме, заңды тұлға не

бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мемлекеттік басқару органы болып табылатын заңды тұлғамен үлестес тұлға үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ретінде ә р е к е т е т у г е қ ұ қ ы л ы .

Мемлекеттік кәсіпорын онымен үлестес тұлғалар үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ретінде әрекет етуге құқылы.

Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға өзімен үлестес тұлғалар үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы болуға құқылы.

5. Бірыңғай мемлекеттік сатып алуды өткізу мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бірнеше тапсырыс беруші үшін олардың ішінен мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысын айқындауға құқылы;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі бірнеше тапсырыс беруші үшін олардың ішінен мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысын айқындауға қ ұ қ ы л ы ;

3) тапсырыс беруші тапсырыс берушіге ведомстволық бағынысты бірнеше мемлекеттік мекемелер немесе онымен үлестес тұлғалар үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде әрекет етуге құқылы;

4) тапсырыс беруші тапсырыс берушіге ведомстволық бағынысты бірнеше мемлекеттік мекемелер немесе онымен үлестес тұлғалар үшін олардың ішінен мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысын айқындауға құқылы.

Осы тармақтың ережелері аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын электрондық мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.";

5) 11-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізілімі тапсырыс берушілер тиісті қаржы жылында жасасқан, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың нысанасы, сандық және құндық көрсеткіштері туралы, тараптардың шарттық міндеттемелерін орындауының нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізбесін білдіреді.

Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қамтитын мемлекеттік сатып алу туралы шарттар мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жеке тізіліміне енгізіледі, оны жүргізудің тәртібін уәкілетті орган мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды. Мұндай мәліметтерге қол жеткізу Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 3), 23) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алудың нәтижелері бойынша жасалған шарттар туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізіліміне енгізілуге жатпайды.";

6) 23-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайлардың бірі туындаған кезде

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің сомасы тиісті бюджеттің, мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның немесе олармен үлестес заңды тұлғалардың кірісіне есептеледі.";

7) 23-1-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайлардың бірі туындаған кезде, конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің, мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның немесе олармен үлестес заңды тұлғалардың кірісіне есептеледі."

8) 35-5-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайлардың бірі туындаған кезде аукционға қатысу өтінімін қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің, мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның немесе олармен үлестес заңды тұлғалардың кірісіне есептеледі.";

9) 37-баптың 13-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған жағдайда тапсырыс беруші қаржы жылы біткеннен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей, тиісті бюджеттің, мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның немесе олармен үлестес заңды тұлғалардың кірісіне тұрақсыздық төлемін өндіріп алу бойынша шаралар қабылдауға міндетті."

38. "Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-күжат; 2010 ж., № 7, 32-күжат; 2011 ж., № 11, 102-күжат):

16-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып, осы Заңның мақсаттары үшін оффшорлық аймақтар тізбесін айқындайды және оны қаржы мониторингі субъектілеріне жеткізетін тиісті мемлекеттік органдарға жібереді."

39. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-күжат; № 24, 145-күжат; 2011 ж., № 1, 3-күжат; № 5, 43-күжат; № 24, 196-күжат; 2012 жылғы 1 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру мәселелері

бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 17 ақпандағы
Қазақстан Республикасының Заңы):

42-баптың бірінші бөлігінің 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялардан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру туралы немесе қаржы ұйымын консервациялауды жүргізу жөнінде шешім қабылдаған;"

40. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 14-құжат; № 3, 21, 25, 27-құжаттар) :

1) 3-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген бақылау мен қадағалау жүргізу кезінде туындайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы талаптарының сақталуына, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалауға байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының көрсетілген салалардағы қатынастарды реттейтін заңдарында белгіленеді.";

2) 26-баптың 3-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) тексеру аяқталған күні "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде тексерілетін субъектіге жүргізілген тексерудің нәтижелері туралы актіні беруге;"

41. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; 2012 жылғы 1 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 17 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

12-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ведомстволарын қайта ұйымдастыру мен таратуды жүзеге асырады;"

2-бап. Осы Заң бұрын туындаған қатынастарға қолданылатын осы Заңның 1-бабының 8-тармағы 15) тармақшасының он бірінші және он екінші және 21) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы Заңның 1-бабының 7-тармағының 8) тармақшасының елу сегізінші абзацында

және 37-тармағында көзделген мемлекеттік сатып алу субъектілерінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және оның ұйымдары мен акционерлік қоғамдарын шығаруға қатысты нормалар 2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеу қаласында жасалған және 2011 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған мемлекеттік (муниципалдық) сатып алулар туралы келісімге тиісті өзгерістер күшіне енгеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын және осы Заңның 1-бабының 8-тармағы 15) тармақшасының он бірінші және он екінші абзацтарында көрсетілмеген заңды тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін бір ай ішінде осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 2-тармағының б) тармақшасында көзделген банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияларды уәкілетті органға қайтаруды қамтамасыз етеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті